ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 82 (3909)
3 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ



Ғылымды дамытуға бөлініп жатқан қаржы жеткіліксіз

4-БЕТ



Мұраға талас: ағайынды араздастырған дүние

8-БЕТ



Алданған арман

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МІНДЕТ

Президент Жолдауы стратегиялық бағытты айқындады. Ендігі міндет – сол бағытты заңнамалық шешімдермен бекітіп, бюджетпен қамтамасыз етіп, нақты іске асыру. Құрылтай комитеттерінің жұмысы осы нәтижеге бағытталуы тиіс. Өткен аптада Құрылтайдағы жұмыс осы тұрғыдағы маңызды басымдықтарды айқындауға бағытталды. Алдымен бюроның отырысында комитеттер нақты тапсырмалар алды. Жүктелген міндет ауқымы кең.

(Жалғасы 3-бетте)



САРАП

МЕМЛЕКЕТ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАП ОТЫР МА?

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының талдауы көрсеткендей, 9 айда негізгі капиталға инвестициялар былтырғы кезеңмен салыстырғанда 7 пайызға өсіп, 16,1 трлн теңгеге жеткен. Биыл қаржыландыру құрылымы да айтарлықтай өзгерді. Кәсіпорындардың меншікті қаражатының үлесі 63-тен 65,8 пайызға дейін, банк несиесі 3,7-ден 5,6 пайызға, басқа да қарыз 10,3-тен 14,3 пайызға дейін өсті. Ал бюджеттік қаржыландырудың үлесі 23-тен 14,3 пайызға дейін төмендеп, оның көлемі жылдық көрсеткішпен салыстырғанда 32 пайызға кеміді. Осылайша, инвестициялық белсенділік кәсіпорындардың меншікті және қарыз қаражатына көбірек тәуелді болып, үкіметтің тікелей қатысуы төмендеуде.

Бұл үрдіс тек бізде ғана емес, әлемдік экономикаға тән құбылыс болып отыр. Атап айтқанда соңғы бес жылда әлемде негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымындағы мемлекеттік бюджет қаражатының үлесі азаюда. Біреулер бұл созылмалы бюджет тапшылығынан туындаған уақытша амал десе, екіншілері оны дамыған нарыққа тән заңды макроэкономикалық эволюция дегенді алға тартып отыр. Оның екеуі де негізсіз емес.

Пандемиялық дағдарыс кезінде әлемнің көптеген елі экономикалық белсенділікті сақтап қалу үшін нарыққа орасан зор мемлекеттік фискалдық интервенция жасады. Алайда бұл «төтенше» шаралардың арты жаһандық инфляцияға және мемлекеттік қарыздың шектен тыс өсуіне әкелген соң, ЭЫДҰ елдері шығыстарды қатаң шектеу саясатына көшті. Ал дамыған елдер (АҚШ, ЕО) негізгі капиталға салынған жалпы инвестициялар қоржынындағы бюджеттік қаражат үлесін 15-16 пайыздан асырмады. Оларда инвестицияның 85 пайызы дамыған капитал нарығы, зейнетақы қорының активтері, венчурлық қорлар және синдикатталған банктік несиелер есебінен қамтамасыз етіледі. Жаһандық тренд көрсеткендей, дамыған мемлекеттер тікелей қаржыландырудан бас тартып, негізгі акцентті «жасыл» облигациялар мен жеке капиталды ынталандыратын құқықтық экожүйе қалыптастыруға аударды. Сондықтан, жаһандық деңгейде мемлекеттің тікелей инвестор рөлінен бас тартуы – нарықтық экономиканың толысуын көрсететін қалыпты, эволюциялық үрдіс болып табылады.

Көршілес елдерде соңғы бесжылдықта инвестициялық саясаттың екі түрлі, бір-біріне қарама-қайшы моделі қалыптасты. 2022 жылдан кейінгі геосаяси оқшаулану мен батыс санкцияларынан кейін Ресейде негізгі капиталға салынған инвестициялардағы бюджет қаражаты мен мемлекеттік қорлардың үлесі күрт өсіп кетті. Әскери-өнеркәсіптік кешенді және импортты алмастыруды мемлекеттік қазынадан агрессивті түрде қаржыландыру нарықтық бәсекені жойып, экономиканы «мемлекеттік капитализмге» тіреді. Ал Өзбекстан Қазақстанның тәжірибесіне сүйеніп, мемлекеттік жүктемені азайту бағытын ұстанды. Бұрын толықтай дерлік мемлекеттік кепілдікпен алынған сыртқы қарыздар мен бюджетке иек артқан олар Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) тетіктерін енгізу бойынша аймақтық көшбасшыға айналды. Тұрғын үй құрылысы, энергетика (күн және жел станциялары) мен ірі инфрақұрылым толықтай жеке және халықаралық консорциумдардың капиталына көшірілді, бұл бюджет салмағын айтарлықтай жеңілдетті.

Қазақстанда негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымындағы мемлекеттік бюджеттің үлесі 2024 жылы – 21,6%, 2025 жылы – 21,5% болса, биыл 9 айда 14,3 пайызға дейін күрт құлдырады.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚҰРМЕТ

Ақмола облыстық сотының төрағасы Исатай Сматовтың ұсынысын қолдаған облыс әкімі Марат Ахметжановтың шешімімен жақында сот жүйесінің ардагері Мейрам Ғибәдиловке «Көкшетау қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

СОТ АРДАГЕРІ – «КӨКШЕТАУДЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»

Осыған орай ұйымдастырылған салтанатты жиында Исатай Сматов бұл құрметті атақтың берілуі – сот жүйесінде ұзақ жыл бойы абыроймен қызмет етіп, кәсіби жауапкершілігімен және азаматтық ұстанымымен танылған тұлғаның еңбегіне көрсетілген зор құрмет әрі лайықты баға екенін жеткізді.

Мейрам Мырзахметұлы – білімі мен біліктілігі, адалдығы мен әділдігі, парасаттылығы мен өмірлік тәжірибесі тоғысқан, талай жас маманға жол көрсеткен білікті судья, тәлімгер ұстаз. Биыл 7 қарашада 79 жасқа толған ардагер Свердлов заң институтының түлегі. Алғашқы еңбек жолын Көкшетау облысының Қызылту ауданындағы заң консультациясының меңгерушісі қызметінен бастаған әріптесіміз 1976 жылы Рузаев аудандық халық сотының халық судьясы болып сайланды.

(Жалғасы 4-бетте)

КЕЛБЕТ

ЕҢБЕГІМЕН ЕЛГЕ СЫЙЛЫ

«Мен – бақытты жармын, анамын, әжемін», – дейді сот жүйесінің ардагері Мейрамкүл Қасымқызы Бектасова. Ардагер судья өткенін ризашылықпен еске алып, бүгінгі тіршілігінің берекесіне шүкіршілік етеді. Әңгімесінде бірге еңбек еткен әріптестеріне деген құрмет те, ұрпағына деген мейірім де бар.



Мейрамкүл Қасымқызының заң саласындағы еңбек жолы Алматы облысының Балқаш аудандық прокуратурасында басталды. Жоғары оқу орнына түспей тұрып, онда екі жыл хатшы-машинистка болып жұмыс істеді. Кейін С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне қабылданып, 1971–1976 жылдары заң факультетінің күндізгі бөлімінде білім алды.

Университеттен соң заң кеңесшісі болып еңбек етті. Мемлекеттік төрелік жүйесінде қызмет атқарып, Жоғары төрелік соттың, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болды. 1996 жылдан Алматы қалалық сотында жұмыс істеді. Соның он жылы қадағалау алқасындағы қызметке арналды. 2010 жылғы 1 қарашада құрметті отставкаға шықты.

Мейрамкүл Қасымқызы судьялық міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Іс материалдарын мұқият зерттеп, дәлелдерді салыстырып, тараптардың уәжін таразылады. Әр шешімнің артында адам тағдыры тұрғанын терең сезінді. Әсіресе, отбасылық даулар көңіліне ауыр тиетін. Ажырасу, баламен араласу тәртібін белгілеу, мұра бөлісу кезінде бір кездері тату болған жандар сотта бір-біріне қарсы тұратын. Осындай істерден кейін үйіне оралса да, естіген әңгімелері ойынан кетпей, толғандыратын.

Заң аясында шешім шығарылғанымен, адамдар арасындағы реніш бірден тарқамайды. Мұны талай рет көрген Мейрамкүл Қасымқызы әр тарапты сабырмен тыңдап, айтар сөзін толық жеткізуіне мән берді.

Қадағалау алқасындағы жұмыс та зор тиянақтылықты қажет етті. Сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеріп, шағымдағы әр уәжді зерделеу керек еді. Осы қызметте жинаған тәжірибесіне сүйеніп, сот рәсімдерінде тараптардың теңдігін қамтамасыз ету мәселелерін көтерді, заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Білімін толықтыруға да мән берді. 1999 жылы Пәкістан мен Мысырда білімін жетілдірді. Исламабадтағы Халықаралық ислам университетінің Шариғат академиясы ұйымдастырған судьяларға арналған халықаралық бағдарламаға қатысты.

Отставкаға шыққан соң да тәжірибесін жұрт игілігіне жарата білді. 2011 жылы «Медиация туралы» заң қабылданғанда, өзімен қатар отставкаға шыққан бірнеше әріптесімен бірге осы іске белсене араласты. Әуезов аудандық сотында дауларды сотқа дейін реттеуге атсалысып, судьяларға қолғабыс етті. Ардагерлер бұл жұмысты ақысыз атқарды. Күніне бірнеше сағатын бөліп, дауласқан жандардың тіл табысуына көмектесті. Медиация тәжірибесі енді қалыптасып жатқан кез еді. Өздері үшін де тың істің қыр-сырын меңгеру қызықты болды. Ізденіп, үйреніп, тәжірибе жинақтады.

Мейрамкүл Қасымқызы 2012 жылы арнайы даярлықтан өтіп, кәсіби медиатор біліктілігін алды. Кейін отбасылық медиация мен дауларды реттеу рәсімдері бойынша білімін жетілдірді. Сотта талай дауды қараған тәжірибелі маман енді тараптардың өзара келісімге келуіне жәрдемдесті. Бұл жұмысты кейін анасына күтім жасау қажет болғандықтан тоқтатты.

Әріптестері Мейрамкүл Қасымқызын спортқа жақын, жігерлі жан деп біледі. Ол елу бес жасына дейін Алматы қалалық сотының волейбол командасына капитан болды. Аудандық соттар мен қалалық сот командалары арасындағы жарыстарда ұжымының намысын қорғады. Қызметі қауырт болса да, спортқа уақыт тапты. Бірге өткізген ойындар мен ортақ жеңістің қуанышы сол жылдардың жылы естелігі болып қалды.

Мейрамкүл Қасымқызы алты ағайынды. Әкесі Қасым Бектасов Ұлы Отан соғысына қатысып, орден-медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін білім алып, ұзақ жыл бас агроном болып қызмет еткен. Анасы Тұрған Әбілқасымқызы – тыл ардагері. Соғыс жылдары тылда еңбек етіп, Жеңіске үлес қосқан, үкіметтік наградалармен марапатталған. Кейін тігін цехында жұмыс істеген. Ата-анасының өнегесін көріп өскен қызы да адал еңбек пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдырды.

Жұбайы Нұрхалық Омаров екеуі қызы Жанна мен ұлы Ержанды тәрбиелеп өсірді. Бүгінде алты немеренің ата-әжесі. Балалары өзге мамандықты таңдаған. Жанна суретші болса, Ержан – информатика маманы. Немерелерінің арасында ұшқыш та, психолог та бар, қызының балалары музыкамен айналысады. Мейрамкүл Қасымқызы олардың әрқайсысының талабына сүйсініп, жетістігіне марқаяды. Бір әулетте сан түрлі кәсіп иесінің бас қосқанын қуана әңгімелейді.

Биыл заң факультетін бітіргеніне елу жыл толуына орай курстастарымен кездесті. Бір кезде қатар оқып, үлкен өмірге бірге қадам басқан достардың жарты ғасырдан кейінгі жүздесуі көңілге ерекше әсер қалдырды. Студенттік шақты еске алып, өткен күндердің талай қызығын жаңғыртты.

Мейрамкүл Бектасованың көп жылғы еңбегі «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының сот жүйесіне 30 жыл» медальдарымен, «Үш би» құрмет белгісімен бағаланды. 2009 жылы Қазақстан Республикасы судьяларының V съезіне делегат болып қатысты. Биыл Республика күні қарсаңында «Судьялар одағының құрметті мүшесі» құрмет белгісімен марапатталды. Бұл – оның судьялар қауымдастығына сіңірген еңбегі мен қоғамдық қызметіне көрсетілген құрмет.

Бүгінде Мейрамкүл Қасымқызы сот жүйесінде өткізген жылдарын мақтан тұтады. Бақытты ғұмыры үшін Аллаға алғыс айтады. Адал еңбек етіп, ел құрметіне бөленгеніне, отбасымен бірге ұрпағының қызығын көріп отырғанына риза. «Бақыттымын» деген бір ауыз сөзінің астарында осындай тұтас ғұмыр жатыр.

Мейрамкүл Қасымқызы судьялық міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарады. Іс материалдарын мұқият зерттеп, дәлелдерді салыстырып, тараптардың уәжін таразылады. Әр шешімнің артында адам тағдыры тұрғанын терең сезінді. Әсіресе, отбасылық даулар көңіліне ауыр тиетін. Ажырасу, баламен араласу тәртібін белгілеу, мұра бөлісу кезінде бір кездері тату болған жандар сотта бір-біріне қарсы тұратын. Осындай істерден кейін үйіне оралса да, естіген әңгімелері ойынан кетпей, толғандыратын.

Динара КУЙКАБАЕВА,
Алматы қаласы
Медеу аудандық сотының
судьясы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

ҒЫЛЫМДЫ **ДАМЫТУҒА** БӨЛІНІП ЖАТҚАН ҚАРЖЫ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Қазақстанда ғылымды дамыту, ғылыми зерттеулерді қаржыландыру және жас ғалымдарды қолдау мәселесі өзекті. Ғылыми жобалардың нәтижелі жүзеге асуы бөлінетін қаржы көлеміне ғана емес, гранттарды бөлу тәртібіне, сараптамалық бағалаудың дұрыстығына және қаржыландырудың уақытылы жүргізілуіне де байланысты. Сонымен қатар ғылыми зерттеулерге бөлінетін қаражаттың тұрақтылығы, іргелі және гуманитарлық ғылымдарды қолдау, ғылыми жобалардың нәтижесін бағалау мәселелері де ерекше назар аударуды қажет етеді.

Осы мәселелерді тереңірек түсіну мақсатында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Инновацияларды дамыту және ғылыми кадрларды даярлау департаментінің директоры БАЙЫМБЕТОВА Гүлзада Айтжанқызын сөзге тартқан едік.

– Қазақстанда ғылымды дамытуға бөлініп жатқан қаржы көлемін жеткілікті деп санайсыз ба?

– Елімізде ғылымды дамытуға бөлініп жатқан қаржы көлемі жеткіліксіз. Ғылыми зерттеулерді тұрақты дамыту, ғылыми кадрлардың әлеуетін арттыру, заманауи зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыру және отандық ғылымның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін қаржыландыру көлемін ұлғайту ғана емес, оның тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету де маңызды.

Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының сайтында жарияланған мәліметтерге сәйкес, 2025–2027 жылдарға арналған конкурстар бойынша ғылыми жобаларды қаржыландырудың жалпы көлемі 264 172 073 мың тг., ал 2027–2029 жылдарға арналған конкурстар бойынша 127 675 639 мың тг. құрайды. Осылайша, көрсетілген конкурстар бойынша жарияланған қаржыландыру көлемі 136 496 434 мың тг. немесе шамамен 51,67%-ға төмендеген.

Жылдар	ГҚ, мың тг.	БНҚ, мың. тг.	ЖҒК (КМУ), мың. тг.	ЖҒ, мың. тг.	Барлығы
2027-2029	40 675 639	75 000 000	9 000 000	3 000 000	**127 675 639**
2026-2028	76 907 525	97 206 073	9 000 000	9 000 000	**192 113 598**
2025-2027	109 056 103	137 115 970	9 000 000	9 000 000	**264 172 073**

Ескерту: мәліметтер Ұлттық мемлекеттік ғылыми техникалық сараптама орталығы сайтынан ҰҒК шешімі туралы хаттамалар үзінділерінен алынған: https://www.ncste.kz/kz/kopiya-intellektualnyij-potenczial-stranyi-po-napravleniyu-nauki-soczialnyie,-gumanitarnyie-nauki-i-iskusstvo-5-1

Бұл көрсеткіштер ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың ұзақ мерзімді жоспарлануына және ғылыми қауымдастықтың тұрақты жұмыс істеуіне қатысты алаңдаушылық туғызады. Қаржыландыру көлемінің төмендеуі ғылыми жобалардың сабақтастығына, жас ғалымдарды қолдауға, ғылыми инфрақұрылымды жаңғыртуға және іргелі зерттеулерді дамытуға кері әсер етуі мүмкін.

– Ғылыми гранттарды бөлу кезінде қандай мәселелерге ерекше назар аудару қажет?

– Гранттарды бөлу кезінде конкурстық рәсімдердің уақытылы өткізілуіне, өтінімдерді сараптау мен бағалау сапасына, қабылданған шешімдердің ашықтығына және қаржыландырудың дер кезінде басталуына ерекше көңіл бөлу қажет. Қазіргі уақытта конкурстарды ұйымдастыру және олардың нәтижелерін жариялау мерзімінің кешігуі ғылыми жобаларды іске асыру барысына елеулі әсер етеді. Атап айтқанда, жобалардың басталу мерзімі мен конкурстық іріктеу нәтижесінің шығу мерзімі арасында сәйкессіздік туындап, ғылыми қауымдастық жоспарланған зерттеу жұмысын уақытында бастай алмайды. Бұл жобалардың күнтізбелік жоспарын орындауды қиындатып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізу мерзімін кешіктіреді. Мысалы, 2026–2028 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсы бойынша өтінімдерді 2026 жылғы қаңтардан бастап іске асыру жоспарланғанымен, конкурс әлі де мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама кезеңінде тұр. Осыған байланысты конкурстардың нақты әрі сақталуы міндетті мерзімдерін белгілеу, сараптама рәсімдерін оңтайландыру, конкурс нәтижесін уақытылы жариялау және қаржыландыруды жобалардың жоспарланған мерзіміне сәйкестендіру қажет. Бұл ғылыми ұйымдарға зерттеу жұмыстарын тиімді жоспарлауға, кадрлық әлеуетті сақтауға және бюджет қаражатын нәтижелі пайдалануға мүмкіндік береді.



– Қаржыландырылған ғылыми жобалардың нәтижесін бағалау қаншалықты әділ?

– Ғылыми жобаларды бағалау жүйесінің тиімділігін арттыру, бағалау үдерісіндегі кемшіліктерге жол бермеу, сараптамалық қорытындылардың объективтілігін қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысын болдырмау тетіктерін әлі де жетілдіру қажет. Атап айтқанда, Ұлттық ғылыми кеңестердің (ҰҒК) шешім қабылдау рәсімінде бағалау нәтижелерінің түсініктілігі мен негізділігін арттыру маңызды. Сарапшылардың тәуелсіздігі мен анонимділігін сақтай отырып, әрбір сарапшының бағалау балдарын және жобаның негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері жөніндегі уәжді қорытындыларын өтінім берушілерге ұсыну тәжірибесін енгізу орынды болар еді.

Қолданыстағы бағалау рәсімдеріне қатысты ғылыми қауымдастықта сұрақтар туындауы мүмкін. Мысалы, ҰҒК отырысының тікелей трансляциясы барысында жекелеген сарапшылардың жобалық өтінім бойынша берген бағалары талқыланғанымен, қорытынды балдар мен бастапқы бағалар арасында айырмашылық болған жағдайда, олардың себептері өтінім берушілерге әрдайым түсінікті бола бермейді. Мұндай жағдайлар бағалау жүйесінің объективтілігіне қатысты күмән туғызады. Осыған байланысты бағалау критерийлерін нақтылау, сараптамалық бағалар мен қорытынды шешім арасындағы сәйкестікті қамтамасыз ету, балдағы елеулі айырмашылықтарды негіздеу және шағымдарды қарастырудың тиімді тетігін жетілдіру керек. Бұл ретте сарапшылардың кәсіби тәуелсіздігі, құпиялылығы және мүдделер қақтығысының алдын алу талаптары толық сақталуы тиіс. Сонымен қатар қаржыландырылған жобалардың нәтижелерін бағалау кезінде жарияланымдар санымен ғана шектелмей, ғылыми жаңалықтың деңгейін, зерттеу нәтижелерінің сапасын, олардың білім беру мен экономикаға ықпалын, қоғамдық маңызын және практикалық қолданылу әлеуетін кешенді бағалаған дұрыс.

– Қазақстанда ғылыми гранттарды бөлу кезінде қоғам үшін маңызды, бірақ коммерциялық пайдасы бірден көрінбейтін зерттеулерге қаншалықты басымдық беріледі?

– Әсіресе іргелі және гуманитарлық бағыттағы зерттеулерді қолдау мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Іргелі зерттеулердің нәтижелері бірден экономикалық пайда әкелмеуі мүмкін. Дегенмен олар жаңа ғылыми білім қалыптастырудың, ұлттық ғылыми мектептерді дамытудың, ғылыми кадрларды даярлаудың және болашақтағы технологиялық жаңалықтардың негізін қалайды. Ал гуманитарлық және әлеуметтік зерттеулер қоғамның дамуына, ұлттық құндылықтарды зерделеуге, білім беру сапасын арттыруға және әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал етеді. Осыған байланысты ғылыми гранттарды бөлу кезінде коммерцияландыру әлеуетімен қатар, зерттеудің ғылыми жаңалығы, ұзақ мерзімді маңызы, қоғамдық қажеттілігі және елдің ғылыми әлеуетін дамытуға қосатын үлесі де ескерілуі тиіс. Іргелі, қолданбалы және қоғамдық маңызы бар зерттеулерді қаржыландыру арасында теңгерімді сақтау, сондай-ақ коммерциялық нәтижесі ұзақ мерзімде қалыптасатын зерттеулерге арналған тұрақты қаржыландыру тетіктерін дамыту маңызды. Бұл қысқа мерзімді экономикалық тиімділікпен қатар, елдің ұзақ мерзімді ғылыми дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Егер ғылымды қаржыландыруға қатысты бір мәселені шешу мүмкіндігі берілсе, сіз қай мәселені таңдар едіңіз?

– Ең алдымен, ғылыми гранттарды бөлу жүйесіндегі конкурстық іріктеу мен сараптамалық бағалау рәсімдерінің ашықтығын, объективтілігін және сапасын қамтамасыз ету мәселесін шешуді ұсынар едім. Ғылымды қаржыландырудың тиімділігі бөлінген қаражат көлеміне ғана емес, оның ғылыми әлеуеті жоғары, өзекті әрі сапалы жобаларға әділ бөлінуіне де байланысты. Сондықтан өтінімдерді бағалаудың бірыңғай әрі түсінікті критерийлерін қолдану, сарапшылардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысының алдын алу, бағалау нәтижелерін негіздеу және өтінім берушілер үшін кері байланыс тетіктерін жетілдіру қажет.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Аружан ДОСАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің
4 курс студенті

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МІНДЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оған азаматтық заңнаманы цифрлық экономикаға бейімдеуден бастап, кәсіпкерлікті қолдау, өңірлердің инфрақұрылымын дамыту, су ресурстарын тиімді пайдалану, энергия үнемдеу және әлеуметтік мәселелерге дейінгі маңызды бағыттар қамтылды. Атап айтқанда, салық заңнамасына өзгерістер әзірлеу, «Капитал нарығы туралы» заң жобасын қарау және «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңға түзетулер енгізу мәселелері күн тәртібіне шығарылды.

Үкіметпен бірлесіп, 2027 жылғы қаңтардан бастап микро және шағын бизнесті тексеруге үш жылдық мораторий енгізу мәселесі пысықталмақ. Бұл бастаманың негізгі мәні – кәсіпкерлікке түсетін әкімшілік жүктемені азайтып, бизнестің дамуына қолайлы жағдай қалыптастыру. Дегенмен бақылау тетіктерін жетілдіру мен тұтынушылардың, қызметкерлердің және азаматтардың қауіпсіздігін қорғау талаптары да назардан тыс қалмауы керек. Бюджет саясаты аясында ең төменгі жалақыны 110 мың теңгеге дейін арттыруға қажетті шығыстарды қарастыру көзделген. Бұл – халық табысын арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық міндеттердің бірі.

Өңірлік және инфрақұрылымдық даму комитетінің алдында ауылдық аумақтарды дамыту, логистикалық инфрақұрылымды жетілдіру және жол сапасын арттыру міндеттері тұр. Ауылдың экономикалық әлеуетін көтеру үшін жол, көлік қатынасы, логистика және нарыққа қолжетімділік мәселелері кешенді шешілуі қажет. Өйткені инфрақұрылым – өңірлік дамудың ғана емес, жаңа жұмыс орындары мен кәсіпкерліктің де негізі. Осы бағыттағы маңызды заңнамалық бастамалардың бірі – «Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аумақтарын дамыту туралы» заң жобасы. Құрылтай бюросы құжатты жұмысқа қабылдады. Оның мақсаты – шекаралық өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, инфрақұрылымын дамыту.

Аграрлық мәселелер жөніндегі комитетке Су кодексінің орындалуын зерделеу, су үнемдейтін технологияларды қолдану және агрохимиялық жаңашылдықтарды енгізу мәселелерін пысықтау тапсырылды. Су ресурстарының тиімді пайдаланылуы – ауыл шаруашылығының өнімділігі мен елдің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін мәселе. Сондықтан жаңа технологияларды енгізу мен су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру стратегиялық маңызға ие. Сонымен бірге энергия үнемдеу, энергия тиімділігін арттыру және баламалы энергия көздерін дамытуға қатысты заң жобаларын қарауды жеделдету міндеті қойылды. Бұл бағыт экономиканың тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін маңызды.

Республикалық бюджет жобасын талқылау кезінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті білім беру инфрақұрылымын дамыту мәселесіне де басымдық берілмек. Бұл жерде тек білім беру ұйымдарының қолжетімділігі емес, балалардың сапалы білім алуына қажетті жағдай, арнайы мамандармен қамтамасыз ету және қолайлы орта қалыптастыру мәселелері де маңызды. Ал «Халықтық құрылыс» бағдарламасы барлық комитеттердің ортақ басым бағыттарының бірі ретінде белгіленді. Комитеттер ел дамуының негізгі бағыттары бойынша ұзақмерзімді стратегиялық құжаттарды әзірлеуге де қатысады.

Ең маңызды міндеттердің бірі – цифрлық экономиканың талаптарына сай жаңа Азаматтық кодекс әзірлеу. Қолданыстағы Азаматтық кодекс 1995 жылдан бері азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі құқықтық базасы болып келеді. Алайда соңғы отыз жылда қоғам да, экономика да түбегейлі өзгерді. Электронды мәмілелер, цифрлық активтер, жаңа бизнес-модельдер мен зияткерлік меншікке қатысты қатынастар құқықтық реттеудің жаңа тәсілдерін қажет етеді. Мұның маңызын зерделеп үлгерген Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті азаматтық заңнаманы жаңарту мәселесін арнайы талқылап тастады.

Отырыста комитет төрағасы Үнзила Шапақ бұл жұмыстың Мемлекет басшысының жаңа Азаматтық кодекс қабылдау жөніндегі бастамасын іске асыруға бағытталғанын айтты. Құрылтай төрағасының орынбасары Нұрлан Бекназаров қолданыстағы кодекстің азаматтық заңнаманың негізі болғанын, алайда қоғам мен экономикадағы өзгерістер құқықтық нормаларды жаңартуды талап ететінін атап өтті.Ал «Әділет» партиясы төрағасының орынбасары Нұрсұлтан Байтілесов жаңа кодекс пен қолданыстағы заңнаманың сабақтастығын сақтаудың, цифрлық ортада азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызын көтерді. Дөңгелек үстелде сарапшылар тарапынан айтылған ұсыныстар жаңа кодекс жобасын әзірлеу кезінде ескерілмек.

Бұл бағыт цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің жұмысымен де сабақтас. Аталған комитетке цифрлық трансформацияны құқықтық қамтамасыз ету міндеті жүктелді.

Айша ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»

МІНБЕР

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауы еліміздің алдағы даму бағдарын айқындап, қоғам мен мемлекет алдында тұрған маңызды міндеттерді нақтылай түседі. Жолдауда көтерілген мәселелердің қатарында заң үстемдігін қамтамасыз ету, әділетті қоғам қалыптастыру, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, озық технологияларды енгізу және келешек ұрпаққа қуатты мемлекет қалдыру міндеттері ерекше маңызға ие.

ӘДІЛДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚҚА АЙНАЛУЫ КЕРЕК



Қазақ халқы ежелден бірлік пен ынтымақты берекенің бастауы деп білген. «Береке қайда барасың десе, бірлік пен ынтымаққа барамын» деген халық даналығының мәні бүгінгі таңда да өзекті. Қоғамның тұрақты дамуы, мемлекеттің қуаты мен елдің өркендеуі ең алдымен азаматтардың ауызбіршілігіне, ортақ мақсат жолындағы жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан ел бірлігін нығайту, қоғамдық келісімді сақтау және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыру – баршамызға ортақ міндет.

Мемлекет дамуының маңызды негіздерінің бірі – заң үстемдігі мен әділеттілік. Заң қабылдау қажет, алайда заңның болуы ғана жеткіліксіз. Ең бастысы – оның әділ болуы, бірдей қолданылуы және әрбір азаматтың құқығы мен заңды мүддесін нақты қорғауы. Заңның талаптары өмірде жүзеге асып, әділдік қағидаты қоғамдық қатынастардың өзегіне айналғанда ғана халықтың құқықтық жүйеге деген сенімі нығаяды. Осы тұрғыдан алғанда, Жолдаудағы «Заң мен тәртіп» қағидатының маңызы айрықша. Заңға құрметпен қарау, құқықтық талаптарды сақтау және өз ісіне жауапкершілікпен қарау қоғамның күнделікті өмір салтына айналуға тиіс.

Бауыржан Момышұлының заң мен елдік туралы нақыл сөздерінде де мемлекеттің беріктігі мен заңға құрметтің өзара байланысы айқын көрінеді. Заңсыз қоғамның тұрақты дамуы мүмкін емес, ал әділетті заң мен оны мүлтіксіз орындау – азаматтардың құқығын қорғаудың және мемлекетке деген сенімді қалыптастырудың басты шарттарының бірі.

Сот билігінің негізгі міндеті – заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және әділ сот төрелігін жүзеге асыру. Осы міндеттерді орындау барысында сот жүйесінің тәуелсіздігі, судьялардың кәсіби біліктілігі, адалдығы мен жауапкершілігі айрықша мәнге ие. Әділ сот төрелігі азаматтардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға, кәсіпкерлік пен инвестициялық қызметтің дамуына да оң ықпал етеді.

Жолдауда жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу қажеттігіне ерекше назар аударылуы да маңызды. Қазіргі экономикалық қатынастардың өзгеруі, цифрлық технологиялардың дамуы және жаңа құқықтық қатынастардың қалыптасуы азаматтық заңнаманы заман талаптарына бейімдеуді қажет етеді. Жаңа кодекс азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін жетілдіруге, құқықтық айқындық пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Бұл ретте заң нормаларының өзара үйлесімділігіне, оларды біркелкі қолдануға және сот тәжірибесінде туындауы мүмкін қайшылықтардың алдын алуға мән берген жөн.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының Жолдауында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру мәселелері де өзекті екендігіне баса назар аударылды. Мемлекеттік органдардың жұмысы азаматтардың сұранысына бағдарланып, шешім қабылдау үдерісі жедел әрі нәтижелі болуы керек. Артық бюрократияны қысқарту, қайталанатын міндеттерді жою, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әлеуетін арттыру және олардың жауапкершілігін күшейту – мемлекеттік аппаратты жаңғыртудың маңызды бағыттары. Мемлекеттік қызметтің сапасы мен тиімділігі, ең алдымен, халыққа көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі және азаматтардың мәселелерінің уақытылы шешілуі арқылы бағалануға тиіс.

Озық технологияларды, цифрландыруды және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану да ел дамуының маңызды шартына айналып отырғандығы туралы айтылды. Бұл бағыттар сот төрелігі саласы үшін де маңызды. Заманауи технологияларды орынды енгізу сот қызметінің ашықтығын арттыруға, рәсімдерді оңтайландыруға және азаматтардың сот төрелігіне қолжеткізу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Сонымен бірге технологиялық жаңғырту заңдылық, деректердің қорғалуы, адам құқықтарын сақтау және сот шешімдерін қабылдаудағы судьяның дербестігі қағидаттарымен үйлесуі қажет.

Мемлекет басшысы инфрақұрылымды дамыту, жаңа өндіріс орындарын ашу, көлік және инженерлік желілерді жаңғырту, білім беру мен денсаулық сақтау нысандарын салу – елдің ұзақ мерзімді дамуына бағытталған маңызды қадамдар екендігіне тоқталып өтті. Мұндай бастамалардың нәтижесі бүгінгі экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, келешек ұрпаққа қалатын мүмкіндіктермен де өлшенеді. Біз ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезініп, қуатты экономикасы, тиімді мемлекеттік басқару жүйесі және әділетті құқықтық ортасы қалыптасқан мемлекет құруға үлес қосуымыз қажет.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Президент Жолдауында белгіленген заң үстемдігін нығайту, әділеттілік қағидаттарын орнықтыру және қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру міндеттерін маңызды деп санайды. Бұл мақсаттарға жету үшін мемлекеттік органдардың, сот жүйесінің және тұтас қоғамның өзара үйлесімді жұмысы қажет. Әр азаматтың заңға құрметпен қарауы, әр мемлекеттік қызметшінің адал қызмет етуі және әрбір институттың өз міндетін жауапкершілікпен орындауы ел дамуының берік негізін қалайды.


Біздің ортақ мақсатымыз – заң үстемдік ететін, азаматтардың құқықтары сенімді қорғалатын, әділдік пен жауапкершілік басты құндылыққа айналған қоғам қалыптастыру. Бірлік пен ынтымақты сақтап, озық технологияларды игеріп, мемлекеттік институттарды жетілдіру арқылы ғана біз бүгінгі реформалардың нәтижесін нығайтып, келер ұрпаққа дамыған әрі қуатты Қазақстан қалдыра аламыз.

Д.ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

МІНДЕТ

ЖАҢА КОДЕКСТЕН КҮТЕРІМІЗ КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жолдауында азаматтардың, кәсіпкерлер мен инвесторлардың мүддесін қорғауды қамтамасыз ететін болашақ экономиканың құқықтық негізі ретінде жаңа Азаматтық кодексті әзірлеу міндетін қойды.



Бұл жұмыстың маңызы адам құқықтары мен мүдделеріне, меншіктің тең дәрежеде қорғалуына және азаматтардың, оның ішінде цифрлық ортадағы құқықтық кепілдіктеріне негізделген жаңа Конституцияны іске асыру жағдайында ерекше арта түседі. Мұндай конституциялық ережелер тәжірибелік дамуды жеке құқықтық заңнамадан алуы тиіс. Осыған байланысты Әділет министрлігі жаңа кодексті әзірлеудің келесі басты бағыттарын талқылауды ұсынамыз.

Бірінші. Болашақ экономикасын құқықтық қамтамасыз ету. Жеке құқықтың өз тиімділігін дәлелдеген институттарын сақтау, сонымен бірге жаңа экономикалық қатынастарға қатысушылар үшін олардың құқықтарын қорғауды және тәуекелдерді бөлуді қамтамасыз ете отырып, түсінікті әрі мазмұнды ережелерді жетілдіру ұсынылады.

Екінші. Меншік құқығын қорғау және шарттық қатынастардың тұрақтылығын нығайту. Жаңа Конституция меншік нысандарының барлық түрін тең қорғауға кепілдік береді. Осы қағиданы дамыту мақсатында меншік иелерінің кепілдігін күшейту, адал сатып алушылар құқығын қорғау және шарттық міндеттемелерді орындаудың сенімділігін нығайту ұсынылады. Бұл азаматтар мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге және кәсіпкерлік пен инвестициялар үшін болжамды жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Үшінші. Шарт еркіндігі және жария-құқықтық тетіктерді азайту. Жеке қатынастарды реттейтін заңнамада айналым қатысушыларының мүмкіндігін шектейтін, шарттық қатынастардың мазмұнын дербес айқындайтын императивтік нормалардың біршама саны бар.

Жаңа кодексті әзірлеу қолданыстағы заңнаманы, сот практикасын және жаңа конституциялық ережелерді кешенді талдауға негізделуі тиіс. Бұл жұмысты депутаттық корпуспен, ғылыми қоғамдастықпен, тәжірибелі заңгерлермен, бизнес өкілдерімен және сарапшылармен бірлесіп жүргізу өзекті. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар Әділет министрлігімен бірлесіп, жолдаудан туындайтын тапсырмаларды талдап, тиісті заң жобаларын 2027 жылға арналған Заң жобалау жұмыстарының жоспарына енгізуі тиіс.

Кодекс азаматтардың құқықтарын нақты қорғауды қамтамасыз ететін және экономиканы одан әрі дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастыратын жаңа Конституцияның ережелерін іске асырудың негізгі құралдарының бірі болуы тиіс екенін атап өткім келеді.

Т. ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

№ 82 (3909)
3 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

САРАП

МЕМЛЕКЕТ КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАП ОТЫР МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Салықтық түсімдердің жоспарланған деңгейден төмен болуы және Ұлттық қордан жасалатын трансферттерді заңмен шектеу талабы үкіметті фискалдық консолидация жасауға мәжбүр етті. Бюджет тапшылығын бақылауда ұстау мақсатында мемлекет бірінші кезекте коммерциялық қайтарымы бар немесе жеке сектор өзі атқара алатын экономикалық жобаларды тікелей қаржыландыруды тоқтатты. Осы мағынада, бұл – қазыналық тығырықтан шығудың амалы.

Ал макроэкономикалық эволюция жағынан Қазақстан экономикасы «ерексек нарық» сатысына өтті. 2020–2024 жылдары бюджеттен қыруар қаржы талап еткен «Жайлы мектеп» немесе ірі жол тораптары сияқты базалық мемлекеттік бағдарламалардың белсенді инвестициялық фазалары аяқталды. Бүгінде инвестициялардың 85,7 пайызы бюджеттен тыс көзден құралып отыр, бұл – нарықтың ішкі иммунитеті қалыптасқанының дәлелі.

Бюджет үлесінің 14,3 пайызға дейін кемуі жай ғана стихиялы құбылыс емес, ол елдің құқықтық жүйесіндегі іргелі заңнамалық өзгерістердің тікелей нәтижесі болып табылады. Бірінші, биыл толық күшіне енген жаңа Бюджет кодексі мемлекеттік инвестициялық жобаларды іріктеу фильтрациясын түбегейлі қатайтты. Енгізілген «Бюджеттік шолу» институты кез келген жобаның әлеуметтік-экономикалық тиімділігі мен мультипликативті әсерін заң жүзінде дәлелдеуді талап етеді. Нәтижесінде, бұрын лоббистік топтар немесе жергілікті органдардың пәрменімен бюджеттен оңай қаржыландырылып келген ондаған тиімсіз құрылыс пен жобалар заң жүзінде бұғатталып, сызылып тасталды.

Екінші, Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген және нысаналы трансферттерді пайдалануға қатысты консервативтік заңнамалық шектеулер күшейтілді. Бұл ереже үкіметтің бюджет шығыстарын инфляция деңгейі мен мұнайдан түсетін нақты кірістерге байлауды міндеттейді. Қазынаның басты доноры – Ұлттық қордың «инесінен» заңмен ажырату тікелей мемлекеттік инвестициялардың азаюына құқықтық алғышарт болды.

Үшінші, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы заңнаманы тазарту. МЖӘ туралы заңға енгізілген түзетулер мемлекеттің жеке инвесторлар алдындағы міндеттемелерін қайта қарады. Бұрын инвесторлар шығынды бюджеттен тікелей өтеу тетігі арқылы МЖӘ-ні «жасырын бюджеттік несие» ретінде пайдаланып келсе, жаңа заң мұны шектеді. Енді заң бойынша инвестор тәуекелді бөлісіп, жобаны нарықтық негізде коммерцияландыруы тиіс. Бұл мемлекеттің болашақ фискалдық жүктемесін азайтты.

Төртінші, жаңа Салық кодексінің ынталандырушы рөлі. Мемлекет тікелей ақша беруді азайтқанымен, жаңа Салық кодексі жеке капиталды ынталандырудың заңдық тетіктерін енгізді. Инвестициялық салықтық преференциялар: негізгі капиталды, зауыттар мен технологиялық желілерді жаңартуға өз қаражатын салған кәсіпорындар үшін корпоративтік табыс салығы бойынша ұзақ мерзімді шегерімдер мен амортизациялық жеңілдіктер заңдастырылды. Бұл бизнестің өз пайдасын салыққа бермей, негізгі қорларға қайта инвестициялауына жол ашты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жұмабек БАСТАУБАЕВ, «KASIPKER» Қазақстан кәсіпкерлер альянсының төрағасы:

– Негізгі капиталға салынатын инвестициялардағы бюджеттік қаржыландыру үлесінің төмендеуі Қазақстан экономикасы үшін маңызды белгі. Біз мемлекеттік шығыстардың тиімділігін арттыруды, бюджет қаражатының пайдаланылуына бақылауды күшейтуді және жеке капиталдың экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күшіне айналуына жағдай жасауды қолдаймыз. Алайда бюджеттік инвестициялардың қысқаруы өздігінен экономиканың тиімділігі артқанын білдірмейтінін түсінуіміз қажет.

Басты мәселе мемлекеттің отандық кәсіпкерлердің инвестициялық үдерістерге толыққанды қатысуы үшін қаншалықты қолайлы жағдай жасай алатынында. Бүгінде шағын және орта бизнес ұзақ мерзімді қаржыландыруға қол жеткізудің шектеулілігіне, несие ресурстарының қымбаттығына және ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігіне тап болып отыр. Сондықтан мемлекет тікелей қаржыландыруды қысқарта отырып, кепілдік беру тетіктерін, қолжетімді несиелендіруді, инвестициялық әріптестікті және жеке капитал тартуды қатар дамытуы қажет. Әсіресе қазақстандық кәсіпкерлерге басымдық берілуі тиіс. Босаған экономикалық кеңістікті негізінен ірі шетелдік компаниялар иеленіп, ал отандық бизнес инвестициялық жобалардан тыс қалмауы керек.

Қазақстандық кәсіпкерлер мемлекеттік және инфрақұрылымдық бағдарламаларды іске асыруға қатысып қана қоймай, өз өндірістерін ашуға, жаңа технологияларды енгізуге, жұмыс орындарын құруға және елдің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік алуы тиіс. Сонымен қатар инвестициялық жобаларды іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және бәсекелестікке тең жағдай жасау аса маңызды. Мемлекеттік қаражат ең алдымен инфрақұрылымға, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына, өңірлерді дамытуға және стратегиялық маңызы бар салаларға бағытталуы қажет.

«KASIPKER» альянсының ұстанымы мынадай: мемлекет коммерциялық жобаларды тікелей қаржыландырудан біртіндеп бас тартып, қолайлы инвестициялық орта қалыптастыруға басымдық беруі керек. Сонымен бірге бюджеттік шығыстың қысқаруы кәсіпкерлік белсенділіктің әлсіреуіне әкелмеуі тиіс. Керісінше, ол отандық бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашуы қажет. Біздің стратегиялық мақсатымыз кәсіпкер мемлекеттен көмек сұрайтын тарап емес, елді дамыту жолындағы мемлекеттің толыққанды серіктесі болатын экономиканы қалыптастыру. Шағын және орта бизнесті дамыту, жеке меншік құқығын қорғау, әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді инвестициялар тарту арқылы ғана Қазақстан тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізіп, азаматтардың әл-ауқатын арттыра алады.

Нұрлан ОМАРОВ, «Рауан» ЖШС бас директоры:

– Әлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ экономиканы қаржыландырудағы бюджеттік инвестициялардың шектелуі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтып, капиталдың тиімділігін арттыратын басты көрсеткіш. Мәселен, Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауда ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз етуді 2025 жылдың соңына дейін аяқтауды жалпыұлттық міндет ретінде күн тәртібіне қойды. Өкінішке қарай, біздің Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округінде бұл мәселе биыл де шешімін тапқан жоқ. Бұл бағытта бюджеттен қомақты қаражат бөлінгеніне қарамастан, халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мүмкін болмай отыр. Оны 2001 жылдан бері жеке бизнестің иелігіне жалға берілген минералды су өндірілетін ұңғыма орналасқан жер телімін мемлекет иелігіне қайтару арқылы шешкелі отыр. Соның нәтижесінде жыл сайын бюджетке жарты млрд теңге салық төлеп келе жатқан өндіріс орнында жұмыс істейтін және оны таратумен, сатумен айналысатын бір емес, бірнеше жүздеген отбасы мүшесі жұмыссыз қалғалы тұр. Ал минералды суды ауызсу ретінде тұрақты қолдануға болмайды, ол халықтың денсаулығына кері әсер етеді деген құзырлы органдардың қорытындысын ескермеген жергілікті билік органдары тағы да қаржы сұрап, бюджетке алақан жаюда. Сонда бұдан кім ұтып, кім ұтылды?

ҚҰРМЕТ



СОТ АРДАГЕРІ – «КӨКШЕТАУДЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Одан кейін Ленинград аудандық сотында халық судьясы, 1990 жылдан осы соттың төрағасы қызметін атқарды. 35 жылға жуық төрелік еткен Ғибәдилов саланың дамуына елеулі үлес қосты. Құрметті демалысқа шыққаннан кейін де Мейрам Мырзахметұлы сот жүйесімен байланысын үзбей, Судья-ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде қоғамдық қызметін жалғастырды.

Мейрам Ғибәдиловтің бастамасымен және жетекшілігімен ардагерлер кеңесі облыстық сотта сот жүйесінің тарихына арналған музейдің құрылуына ұйытқы болды. Аудандық соттарда қазақтың үш биіне арналған ескерткіштер мен монументтер, сондай-ақ соғысқа қатысқан судьялардың құрметіне мемориалдар орнатылды.

Ол Ақмола–Көкшетау өңіріндегі сот жүйесінің тарихын билер заманынан бастап бүгінгі күнге дейін қамтитын музей қорын қалыптастыруға айрықша еңбек сіңірді. Сонымен қатар өңірде дүниеге келіп, елге қызмет еткен майдангер судьялар туралы тарихи деректерді жинақтап, сот жүйесінің Жауынгерлік және Еңбек даңқы залының ашылуына атсалысты. Осы жұмыстың нәтижесінде «Судьялар – Отан қорғаушылары» атты майдангер судьяларға арналған кітап жарық көрді.

Ардагердің жетекшілігімен музей жұмысы жетілдіріліп, Ақмола облысы соттарының 100 жылдығына арналған кітап басылып шықты. Бұдан бөлек, құқықтық тақырыптарды кеңінен насихаттауға бағытталған «Логика правосудия» және «Сот залынан» телебағдарламалары ұйымдастырылды. Мейрам Мырзахметұлы бағдарламалардың сценарийлерін жазып, жоғары оқу орындарының студенттерін осы жұмысқа тарта отырып, болашақ заңгерлердің кәсіби тұрғыдан қалыптасуына да қолдау көрсетті.

Мейрам Мырзахметұлы қазақтың атақты билерінің есімін ұлықтап, олардың өнегелі мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізу бағытында да жүйелі жұмыс жүргізді. Сот билігін жүзеге асырудағы қызметімен танылған билер мен шешендердің есімін облыс қалалары мен ауылдарының көшелеріне беру, сондай-ақ көше атауларын тарихи тұлғалардың құрметіне өзгерту жұмысына белсене қатысты.

Мейрам Ғибәдиловтің көп жылғы мінсіз қызметі мен сот жүйесін дамытуға қосқан үлесі лайықты бағаланды. Ол жоғары судьялық «Үш би» белгісімен, «Сот жүйесінің ардагері» медалімен марапатталған. Сондай-ақ көптеген Құрмет грамота, Алғыс хаттар мен Дипломдарға ие болды. 2017 жылы оған «Құрметті судья» атағы берілді.

Мейрам Мырзахметұлының өмір жолы – кәсіби адалдықтың, азаматтық батылдықтың, парасаттылық пен әділдіктің жарқын үлгісі. Оның сот төрелігін дамытуға сіңірген еңбегі, тарихи мұраны сақтау жолындағы ізденісі және кейінгі буынға көрсеткен өнегесі айрықша құрметке лайық. Ардагерді «Көкшетау қаласының Құрметті азаматы» атануымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық пен бақ-береке тілейміз.

Күләш ДОМАЛАҚОВА,
Ақмола облыстық сотының
баспасөз қызметінің басшысы

ЖИЫН

НЕГІЗГІ КАПИТАЛ – АДАМ ИДЕЯСЫ

Қазақстанда креативті экономиканы дамытуға арналған жаңа заң жобасының мазмұны талқыланып жатыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінде өткен сондай жиынға депутаттармен қатар мемлекеттік органдардың, креативті индустрия, IT және стартап қауымдастықтарының өкілдері қатысты.



Бұл – жай ғана жаңа заң әзірлеу мәселесі емес екені түсінікті. Себебі әлемде экономиканың құрылымы өзгеріп, білімге, технологияға, шығармашылыққа және зияткерлік өнімге сүйенетін жаңа секторлар қалыптасып келеді. Қазақстан үшін де осы өзгерістен тыс қалмай, креативті әлеуетті нақты экономикалық ресурсқа айналдыру маңызды.

Талқылауда креативті индустрияны жүйелі дамыту, отандық таланттарды қолдау, зияткерлік меншікті қорғау, шығармашылық өнімдерді халықаралық нарыққа шығару және салықтық ынталандыру тетіктерін енгізу мәселелері көтерілді. Жиында әсіресе креативті өнімнің экспорттық әлеуетіне назар аударуға маңыз берілді. Себебі, бүгінде қазақстандық мамандардың цифрлық контент, дизайн, кино, музыка, анимация, ойын индустриясы, IT және басқа да бағыттарда өнім жасау мүмкіндігі бар. Бірақ таланттың болуы мен оның халықаралық нарыққа шығуы – екі бөлек мәселе. Сондықтан жаңа заңның міндеті тек сала өкілдеріне жеңілдік беру емес, олардың қалыптасуына, өсуіне және сыртқы нарыққа шығуына мүмкіндік беретін экожүйе құру болуы тиіс.

Құрылтайдың Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмедиевтің айтуынша, заң жобасының негізгі мақсаты – жаңа индустрия қалыптастыру. Бұл ретте креативті экономика цифрландырумен, IT және инновациялармен тығыз байланыста дамитыны атап өтілді. Яғни, шығармашылық пен технологияны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Бүгінгі креативті индустрия дизайнердің немесе суретшінің ғана жұмысы емес. Оның ішінде бағдарламашы, ойын әзірлеуші, режиссер, музыкант, сәулетші, контент жасаушы, анимация маманы, цифрлық суретші және басқа да жаңа кәсіп иелері бар. Тағы бір маңызды мәселе – өңірлер арасындағы мүмкіндік айырмашылығы.Креативті индустрия тек Астана мен Алматыда шоғырланып қалмауы керек. Қазақстанның әр өңірінде талантты жастар, шығармашылық ұжымдар, IT мамандары мен жаңа идеялар бар. Оларға қажетті инфрақұрылым, білім, қаржыландыру және нарыққа шығу мүмкіндігі бірдей болуы қажет.

Креативті экономикаға инвестиция тек бүгінгі табысқа емес, болашақтағы адами капиталға салынған инвестиция. Себебі, мұндағы негізгі капитал – адамның идеясы, білімі мен шығармашылық қабілеті. Сондықтан әзірленіп жатқан заң жобасы креативті индустрия өкілінің нақты өміріне тиімді өзгеріс әкелуі керек. Отырыс барысында айтылған ұсыныстар заң жобасын одан әрі пысықтауға негіз болмақ.

Иә, Қазақстанда идея да, талант та, технологиялық мүмкіндік те бар. Мәселе осы үшеуін бір экономикалық жүйеге біріктіріп, отандық шығармашылық өнімді ішкі нарықта ғана емес, әлемдік нарықта да бәсекеге қабілетті етуде. Сондықтан сарапшылардың пікірін заң нормаларына айналдырып, креативті экономиканы декларация деңгейінен нақты индустрия деңгейіне көтеретін тетіктерді қалыптастыру өзекті.

А. ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

МҰРАҒА ТАЛАС: АҒАЙЫНДЫ АРАЗДАСТЫРҒАН ДҮНИЕ

Адам өмірден өткенде артында дүние-мүлкі ғана емес, отбасы, ұрпағы, бірге өткізген ғұмырының ізі қалады. Алайда кейде қаралы шаңырақтағы қайғы басылмай жатып, мұраға қатысты дау басталады. Бірі баспанаға қатысты құқығын дәлелдеуге мәжбүр болса, енді бірі жылдар бұрын жасалған нотариаттық әрекеттің салдарымен бетпе-бет келеді. Мұндай келіспеушіліктердің ең ауыр тұсы – мүлікке таластың жақын адамдардың арасына сызат түсіруі. Павлодар облысындағы отбасының жағдайы, елордада қаралған қарт әкенің ісі және Жамбыл облысындағы мұрадан бас тарту дауы мұрагерлік құқықтың әртүрлі қырын көрсетеді.

Әкесінен айырылған қыз баспанаға қатысты құқығын қорғауда

2026 жылғы қыркүйекте Павлодар облысында қайғылы оқиға болды. 12 қыркүйекте Ертіс өзенінде бес адам мінген қайық аударылып, төрт адам аман қалған, бір азамат хабар-ошарсыз кеткен. 18 қыркүйекте оның мәйіті табылды. Қаза тапқан азаматтың кәсіпкер екені белгілі болды. Оның артында жұбайы мен 17 жастағы қызы қалды.

Әкесінің қазасынан кейін қыз әлеуметтік желіде үндеу жариялап, отбасында баспана мен дүние-мүлікке байланысты келіспеушілік туындағанын айтқан. Оның мәлімдеуінше, жерлеу рәсімінен кейін әжесі, әкесінің ағасы мен әпкелері анасы екеуіне үйден кетуді талап еткен. Қыз бен анасы бір күні сыртқа шығып, қайтып келгенде, үйдің құлыптары ауысқанын байқаған. Жасөспірім осы себептен өздері бұрын тұрған баспанаға кіре алмағанын мәлімдеген.

Бұл – оқиғаға қатысушы жасөспірімнің жария түрде айтқан ұстанымы. Туыстардың әрекетінің заңдылығы жөнінде соттың түпкілікті шешімі жарияланбағандықтан, оны анықталған құқық бұзушылық деп бағалауға болмайды. Даудың екінші тарапының толық түсініктемесі де ашық жарияланымдарда ұсынылмаған.

Отбасының мүддесін қорғайтын заң кеңесшісі Серік Беркамалов баспанаға қатысты бірқатар мәліметті түсіндірген. Оның айтуынша, отбасы 2020 жылы үйге көшкен, ал сатып алу рәсімі 2021 жылдың сәуірінде аяқталған. Беркамалов кәсіпкердің баспана ақысын сатушыларға бөліп бергенін айтқан. Дегенмен бұл төлемдердің нақты кімнің қаражатынан жүргізілгенін растайтын құжаттар көпшілікке ұсынылмаған.

Заң кеңесшісінің мәліметінше, кәсіпкер қайтыс болғаннан кейін жұбайы баспананың күйеуінің емес, оның анасының атына рәсімделгенін білген. Жесір әйел бұған дейін үй жұбайының меншігінде деп ойлаған. Баспананың тіркеудегі иесі мен оны сатып алуға қаражат жұмсаған адам бір тұлға ма, жоқ па деген мәселе енді сотта қаралуға тиіс.

Заңгердің түсіндіруінше, анасы мен қызы азаматтық талап арыз берген. Олар үйді сатып алу мәмілесінің шынайы мазмұнын анықтап, жылжымайтын мүлікті ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі ретінде тануға құқықтық негіз бар-жоғын сотта дәлелдеуді көздейді. Егер талаптың негізділігі анықталса, марқұмға тиесілі деп танылған үлес мұра құрамына енуі мүмкін. Бұл – әзірге талап қоюшы тараптың құқықтық ұстанымы ғана.

Заң кеңесшісінің айтуынша, қыз бен анасы құқық қорғау органдарының қатысуымен жеке заттарын алуға мүмкіндік алған. Олар қазір анасы жағынан туыстарының үйінде тұрып жатыр. Павлодар облысының бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі Мәдина Жұмадиева да жағдайдан хабардар екенін, қажет болса жасөспірімге психологиялық әрі заңгерлік көмек көрсетілетінін мәлімдеген.

Оқиғаның мән-жайы бір қарағанда отбасылық кикілжіңге ұқсайды. Бірақ оның құқықтық негізінде мүлде бөлек мәселелер жатыр: жылжымайтын мүліктің кімге тиесілі екені, некеде жинақталған қаражаттың мәртебесі, тұрғын үйді пайдалану құқығы және мұра құрамын дұрыс анықтау. Адамның белгілі бір үйде ұзақ жыл тұруы сол үйге меншік құқығын автоматты түрде тудырмайды. Сонымен қатар тіркелген меншік иесінің болуы да басқа адамдардың ықтимал заңды талаптарын сотта қарауға кедергі болмауға тиіс.



Балаларына қарсы соттасқан әке

Мұрагерлік дау тек жұбайлар мен балалардың арасында ғана болмайды. Кейде қарт ата-ана өзі балаларына қарсы сотқа жүгінуге мәжбүр. Мұндай оқиғаны сол кездегі Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа аудандық сотының судьясы Алмагүл Ермекова 2022 жылы сот тәжірибесінен келтірген.

Іс материалдарына сәйкес, 2011 жылы бір әйел қайтыс болып, артында жұбайы мен екі ұлы қалған. Ерлі-зайыптылар 1957 жылдан бері заңды некеде тұрған. Тұрғын үй некеде тұрған кезеңде сатып алынғанымен, меншік құқығы әйелінің атына рәсімделген.

Марқұм әйел көзі тірісінде мүлкін екі ұлына өсиет еткен. 2012 жылы нотариус ұлдарына өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік берген. Алайда сол кезде тірі қалған жұбайдың ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлесі мен оның мұрадағы міндетті үлеске құқығы тиісті түрде ескерілмеген.

Судья баяндаған жағдайға қарағанда, қарт азамат бір кезеңде Германиядағы ұлдарының бірінің үйінде тұрған. Елге оралғаннан кейін де тұрғын үйге байланысты келіспеушілік жалғасқан. Ұлдары әкесінің үйге құқығы жоқ деп есептеп, оны баспанадан шығаруға әрекеттенген. Ақырында азамат өз мүддесін қорғау үшін сотқа жүгінген.

Ол үйдің некеде тұрған кезеңде алынғанын, сондықтан ерлі-зайыптылардың ортақ меншігіндегі жарты үлеске құқығы бар екенін алға тартқан. Сондай-ақ еңбекке жарамсыз тірі қалған жұбайы ретінде мұрадағы міндетті үлесінің ескерілмегенін айтқан.

Сот істің мән-жайын зерделеп, азаматтың талаптарын ішінара қанағаттандырған. Нақты айтқанда, ұлдарына берілген мұраға құқық туралы куәлік жарамсыз деп танылған. Ал өсиеттің өзін жарамсыз деп тану және тұрғын үйді ортақ меншік ретінде тану туралы талаптар қанағаттандырылмаған. Судьяның түсіндіруінше, ортақ меншік құқығы үйдің некеде сатып алынуына байланысты заңның өзінен туындайды, оны қайтадан тану міндетті емес.

Сот тірі қалған жұбайдың ортақ мүліктегі үлесі мұраға қосылмауға тиіс екенін ескерген. Ал қайтыс болған жұбайға тиесілі бөлік қана мұра құрамына кіреді. Бұған қоса, өсиет болған күннің өзінде заңда белгіленген міндетті үлеске құқығы бар адамдардың мүддесі қорғалуға тиіс. Судья жариялаған мәліметке сәйкес, шешім заңды күшіне енген және шағым жасалмаған.

Бұл іс бір маңызды қағиданы айқын көрсетеді: өсиет жасау адамның өз мүлкіне билік ету еркін білдіреді, бірақ басқа адамға тиесілі меншік үлесін жоймайды. Мұрагерлер арасындағы дауды қарағанда алдымен мүліктің қандай құқықтық режимге жататынын анықтау қажет.

Алты жылдан кейінгі өкініш

2026 жылғы қыркүйекте Жамбыл облысының Шу аудандық соты мұрадан бас тарту туралы нотариаттық әрекетті жарамсыз деп тануға байланысты істі қарағаны туралы хабарлады. Даудың басталуына бірнеше жыл бұрын қабылданған шешім себеп болған.

2020 жылдың ақпанында бір азамат қайтыс болып, артында тұрғын үй, жер учаскесі мен ВАЗ-21093 автокөлігі қалған. Оның баласы мен қызы өздеріне тиесілі мұрадан ағасының пайдасына бас тартқан. Ағасы мұраны қабылдағанымен, мұраға құқық туралы куәлікті рәсімдеп үлгермеген. 2026 жылдың наурызында ол да қайтыс болған.

Осыдан кейін бұрын мұрадан бас тартқан азамат сотқа жүгініп, нотариус алдында жасаған мәлімдемесін жарамсыз деп тануды сұраған. Оның айтуынша, мұрадан бас тартудың құқықтық салдары жеткілікті түсіндірілмеген. Ол 2010 жылдан бері ата-анасының үйінде тұрып, оны күтіп ұстағанын, жөндеу жұмыстарын жүргізгенін де алға тартқан. Алайда сот жариялаған мәлімет бойынша, талап қоюшы 2020 жылы нотариус алдында мұрадан бас тарту туралы өтінішке өз еркімен қол қойған. Нотариус осы шешімнің құқықтық салдары түсіндірілгенін растаған. Алдау, мәжбүрлеу немесе елеулі жаңылысу болғанын дәлелдейтін мәліметтер ұсынылмаған.

Сот қайтыс болған ағасының заң бойынша бірінші кезектегі мұрагерлері ретінде жұбайын, кәмелетке толмаған екі баласын және анасын ескерген. Оның туған бауыры болса, екінші кезектегі мұрагер саналады. Нәтижесінде сот талапты қанағаттандырудан бас тартқан. Сонымен қатар талап қоюшыдан жауапкердің заң көмегіне жұмсаған 200 мың теңге шығыны өндірілген.

Бұл оқиға туралы ақпарат 2026 жылғы 10 қыркүйекте жарияланған кезде сот шешімі әлі заңды күшіне енбеген болатын. Сондықтан оны түпкілікті әрі өзгермейтін сот актісі ретінде сипаттау дұрыс емес.

Аталған дау азаматтардың мұрадан бас тарту кезінде асығыс шешім қабылдамауы қажет екенін еске салады. Кейін ойының өзгеруі немесе мүлікке деген қажеттіліктің артуы нотариаттық әрекетті автоматты түрде жарамсыз етпейді. Ол үшін заңда көзделген негіздер сотта дәлелденуге тиіс.

Заң кімнің құқығын қорғайды?

ҚР Азаматтық кодексінің 1061-бабына сәйкес, заң бойынша бірінші кезектегі мұрагерлерге марқұмның балалары, жұбайы және ата-анасы жатады. Ал 1062-бапқа сәйкес, оның аға-інілері, апа-сіңлілері және ата-әжелері екінші кезектегі мұрагерлер қатарында. Жалпы ереже бойынша, алдыңғы кезектегі мұрагерлер бар болса, келесі кезектегілер мұрагерлікке шақырылмайды. Дегенмен өсиет, мұрадан бас тарту және заңда көрсетілген өзге жағдайлар мұрагерлік тәртіпке әсер етуі мүмкін.

Бірінші кезектегі мұрагер болу кез келген үйге немесе басқа мүлікке автоматты түрде құқық береді деген сөз емес. Мұра құрамына қайтыс болған адамға заң бойынша тиесілі мүлік пен мүліктік құқықтар кіреді. Сондықтан баспананың алдымен кімге тиесілі екенін анықтау қажет.

Павлодардағы даудың күрделі тұсы осы арада көрінеді. Жылжымайтын мүлік марқұмның анасының атына рәсімделгені жөніндегі мәлімет жарияланған. Егер оны сот заңды түрде үшінші тұлғаға тиесілі мүлік деп тапса, марқұмның жұбайы мен қызы тек онда тұрғанына сүйеніп, үйді мұра ретінде талап ете алмайды. Ал егер басқа мәмілені бүркемелеу немесе нақты сатып алушының кім екеніне қатысты уәждері дәлелденсе, құқықтық нәтиже өзгеше болуы мүмкін.

Азаматтық кодекстің 160-бабы жалған және қулықпен жасалған мәмілелерді реттейді. Оның 2-тармағына сәйкес, мәміле екінші бір мәмілені бүркемелеу мақсатымен жасалса, тараптар шын мәнінде көздеген мәмілеге қатысты ережелер қолданылады. Дегенмен бір адамның мүлкін екінші адамның атына тіркеу фактісінің өзі қулықпен жасалған мәміле барын дәлелдемейді. Тиісті мән-жайларды сот анықтайды.

Ал «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 33-бабына сәйкес, ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезеңде жинаған мүлік, заңда немесе неке шартында өзгеше көзделмесе, олардың бірлескен ортақ меншігі болып саналады. Ерлі-зайыптылардың бірінің атына тіркелген мүліктің ортақ меншік болуы мүмкін. Алайда жылжымайтын мүлік үшінші адамның атына ресімделсе, оған ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі туралы ережені қолдану үшін қосымша құқықтық негіз бен дәлелдеме талап етіледі.

Сондықтан сот мұндай жағдайда сатып алу-сату шартына, төлем құжаттарына, қаражаттың қайдан шыққанына, тараптардың мәміле жасасудағы шынайы еркіне және басқа да дәлелдемелерге баға береді. Жақын туыс болу, бір үйде тұру немесе жөндеу жұмыстарына қатысу өздігінен меншік иесі екенін растамайды.

Бұл даудағы тағы бір маңызды жайт: егер үйдің бір бөлігі марқұмның мұрасы деп танылса, оның анасы да заң бойынша бірінші кезектегі мұрагерлер қатарына жатады. Демек, мәселені «жұбайы мен қызы немесе анасы» деген ұйғарыммен қарапайым қарсы қоюмен шешу мүмкін емес. Мүліктің құқықтық мәртебесі анықталған соң ғана әркімнің заңды үлесі белгіленеді.

Мұраны қабылдаудың мерзімі мен тәртібі

Мұрагерлік құқықты қорғаудың тағы бір шарты – уақытты өткізіп алмау. Азаматтық кодекстің 1072-2-бабы бойынша мұра, әдетте, ашылған күннен бастап алты ай ішінде қабылданады. Мұрагер нотариусқа өтініш бере алады немесе заңда көзделген әрекеттер арқылы мұраны іс жүзінде қабылдауы мүмкін.

Мұраны қабылдау мерзімі өтіп кеткен болса, Азаматтық кодекстің 1072-3-бабы белгілі бір жағдайларда оны сот арқылы қалпына келтіру мүмкіндігін көздейді. Ол үшін мерзімді өткізіп алу себебі дәлелді болуы және осы себеп жойылғаннан кейін алты ай ішінде сотқа жүгіну қажет. Мұрагердің дәлелді себебі бар-жоғын сот істің нақты мән-жайына сүйеніп бағалайды.

2026 жылғы 20 мамырдағы ҚР Жоғарғы Сотының №4 нормативтік қаулысында да мұрагерлікке қатысты заңнаманы қолдану тәртібі түсіндірілген. Онда мұраны қабылдау, оның іс жүзінде қабылдануын анықтау, мерзімді қалпына келтіру және мұрадан бас тарту мәселелері қамтылған. Қаулы 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген.

Осы қаулыға сәйкес, мұраны қабылдауға белгіленген мерзім мен тәртіп туралы заңды білмеу немесе мұрагерлік мүліктің құрамы жөнінде ақпарат болмауы әдетте дәлелді себеп ретінде танылмайды. Ал азаматтың ауыр науқастануы немесе әрекет жасауына нақты кедергі келтірген басқа мән-жайлар сотта бағалануы мүмкін.

Мұрадан бас тарту мен мұраны уақытында қабылдамау да екі бөлек жағдай. Бірінде азамат белгілі бір заңды әрекетті саналы түрде жасайды, екіншісінде мерзім ішінде тиісті рәсімді орындамайды. Сондықтан олардың құқықтық салдарын шатастырмау қажет.

Мүлік иелеріне де, мұрагерлерге де өз құқықтарын алдын ала нақтылау пайдалы: жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың дұрыстығын тексеру, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін ажырату, өсиеттің заңды салдарын түсіну және нотариусқа уақытылы жүгіну кейінгі даудың алдын алуға көмектеседі.

Қазақ қоғамында қара шаңырақ ұғымының салмағы ерекше. Ол тек жылжымайтын мүлік емес, отбасының тарихы, ата-ананың еңбегі, ұрпақтың ортақ естелігі. Бірақ сол рухани құндылықтың өзі меншік құқығын айқындайтын заңды құжаттардың орнын баса алмайды.

Павлодардағы жағдайда марқұмның қызы мен жұбайы үйге қатысты құқықтарын дәлелдеуге ұмтылып отыр. Қарт әке қаралған сот ісінде мұраға құқық туралы куәлік жарамсыз деп танылып, оның бұзылған мүдделері қорғалған. Шу ауданындағы дауда азаматтың бұрынғы нотариаттық шешімі соттың негізгі қарау нысанасына айналды.

Үш оқиғаның құқықтық мән-жайы әртүрлі болғанымен, бәрін бір мәселе біріктіреді: мұраны бөліспес бұрын оның құрамын және әрбір адамның құқығын нақты анықтау қажет.

Отбасындағы сыйластық мұрагерлік құқықтың орнына жүрмейді. Ал құқықтық тәртіп жақын адамдар арасындағы адамгершілік қатынасты автоматты түрде сақтап қалмайды. Сондықтан дау басталмай тұрып, мүліктің кімге тиесілі екенін анықтап, құжаттарды реттеу және әр шешімнің салдарын түсіну ерекше маңызды.

Мұраға қалған үйдің нарықтық құнын анықтауға болады. Ал сол шаңырақтың қабырғасында өткен балалық шақтың, ата-ана мейірімінің, отбасы естелігінің бағасын кім белгілейді?

Мұра – тек дүниеге ие болу емес. Ол заң алдындағы жауапкершілік пен жақын адамдардың құқығын құрметтеу мәдениеті. Қара шаңыраққа қатысты қандай келіспеушілік туындаса да, оны заң шеңберінде шешу – әділдікке бастайтын ең дұрыс жол.

Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Қоғамдық тәртіпті сақтау – мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуының, азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі. Құқықтық мемлекетте заң талаптарын сақтау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қоғамдық ортада белгіленген тәртіпті ұстану әрбір адамның міндеті.



Заң үстемдігі – барлық азаматтардың заң алдында тең болуы, құқықтық нормалардың мүлтіксіз сақталуы және кез келген құқық бұзушылыққа заң аясында тиісті баға берілуі. Осы қағидаттарды жүзеге асыру қоғамдағы әділдікті нығайтып, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттырады.

Қоғамдық тәртіп дегеніміз – қоғамдық орындарда азаматтардың қалыпты өмір сүруіне, демалуына және қауіпсіз жүріп-тұруына мүмкіндік беретін қоғамдық қатынастардың реттелген жағдайы. Қоғамдық орындарда өзара сыйластықты сақтау, айналадағы адамдардың тыныштығын бұзбау, жанжал мен әдепсіз әрекеттерге жол бермеу – құқықтық мәдениеттің негізгі көріністері.

Күнделікті өмірде қоғамдық тәртіптің бұзылуы азаматтардың тыныштығына кері әсер етіп қана қоймай, қоғамдағы өзара сенім мен сыйластыққа да нұқсан келтіреді. Сондықтан әрбір азамат өз әрекетінің салдарын түсініп, өзгелердің құқықтары мен заңды мүдделеріне құрметпен қарауы қажет.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету тек мемлекеттік органдардың қызметімен шектелмейді. Бұл бағытта қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілігі ерекше маңызға ие. Заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтарға жол бермеу және туындаған келіспеушіліктерді заңды жолмен шешу – құқықтық мәдениеті қалыптасқан қоғамның белгісі.

Мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асырады. Ал азаматтардың заңға құрметпен қарауы осы шаралардың тиімділігін арттырады.

Құқық бұзушылықтардың алдын алуда құқықтық түсіндіру жұмыстарының да орны ерекше. Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, жастарға заң талаптарын түсіндіру және жауапкершілік сезімін қалыптастыру қоғамдық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді.

Құқықтық мәдениет адамның заңдарды білуімен ғана емес, оларды күнделікті өмірде сақтауымен де өлшенеді. Өзге адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, қоғамдық орындарда өзін әдепті ұстау және даулы жағдайларда сабырлылық таныту – қоғамдағы тұрақтылықтың маңызды алғышарттары.

Әсіресе, жас ұрпақтың бойында заңға құрмет, жауапкершілік және азаматтық сана қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Өйткені заңды құрметтейтін, өз құқығы мен міндетін білетін азаматтар ғана қоғамның дамуына және елдегі тұрақтылықтың сақталуына үлес қоса алады. Қоғамдық тәртіпті қорғау – заң үстемдігін қамтамасыз етудің және азаматтардың қауіпсіздігін сақтаудың маңызды негізі. Қоғамдағы тыныштық пен тұрақтылық әрбір адамның заң талаптарын орындауына, өзара құрмет көрсетуіне және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне байланысты.

Заңға құрметпен қарау, құқықтық мәдениетті арттыру және қоғамдық тәртіпті сақтау – баршамызға ортақ міндет. Әр азамат осы қағидаттарды ұстанған жағдайда ғана әділетті, қауіпсіз және құқықтық мемлекет құру жолында нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Мұрат ОНЛАСБЕКОВ,
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ӘДЕП

Әдеп – адам бойындағы ізгі қасиеттердің, мәдениеттіліктің, адамгершілік пен жауапкершіліктің көрінісі. Әдептілік адамның қоғамдағы қарым-қатынасынан, сөйлеген сөзінен, жасаған іс-әрекетінен және өзгелерге деген құрметінен байқалады. Әдеп сақтау – әрбір азаматтың, әсіресе мемлекеттік қызметшінің маңызды міндеттерінің бірі.

МӘНСАПТЫ ТЕРІС ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ

Қоғамның дамуы мен мемлекетке деген сенім азаматтардың өзара сыйластығына, заңға құрметпен қарауына және әр адамның өз міндетін адал орындауына байланысты. Сондықтан әдеп нормаларын сақтау – тек жеке адамның мәдениеті ғана емес, қоғам алдындағы жауапкершілігі.

Мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет ету, елдің дамуына үлес қосу және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жолы. Мемлекеттік қызметші өз қызметтік міндеттерін орындау барысында заңдылықты, әділдікті, адалдықты және жауапкершілікті басшылыққа алуы тиіс. Мемлекеттік қызметшінің әдептілігі оның азаматтармен қарым-қатынасынан, қызметтестеріне деген көзқарасынан, шешім қабылдау мәдениетінен және өз міндеттерін орындауынан көрінеді.

Қызметтік ортада тәртіп сақтау, тапсырмаларды уақытылы орындау, әріптестерге қолдау көрсету және ортақ мақсатқа жауапкершілікпен қарау ұжымдағы жағымды ахуалды қалыптастырады.

Мемлекеттік органға жүгінген әрбір азаматтың мәселесіне мұқият қарау – мемлекеттік қызметшінің кәсіби міндеттерінің бірі. Азаматтардың өтініштері мен сұрақтарына заң талаптарына сәйкес, түсінікті әрі нақты жауап беру қажет.

Әдеп қағидаларының маңызды бағыттарының бірі – адалдық пен әділдікті сақтау. Мемлекеттік қызметші өз қызметтік жағдайын жеке пайда табу үшін пайдаланбауы, заңсыз сыйақы немесе артықшылық алмауы және мүдделер қақтығысына жол бермеуі тиіс.

Қазіргі уақытта әдеп нормалары тек жұмыс орнында ғана емес, әлеуметтік желілерде де маңызды рөл атқарады. Интернет кеңістігінде жарияланған пікірлер мен ақпараттар адамның мәдениетін, жауапкершілігін және өзгелерге деген құрметін көрсетеді. Әрбір азамат әлеуметтік желілерде әдепті сөйлеуге, жалған ақпарат таратпауға, басқа адамдардың жеке өміріне құрметпен қарауға және қорлайтын сөздерден аулақ болуға тиіс.

Әдеп нормаларын бұзу ұжымдағы қарым-қатынастың нашарлауына, азаматтардың сенімінің төмендеуіне және қызметтік беделдің әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп талаптарын бұзуына байланысты Қазақстан заңнамасында көзделген тәртіптік және өзге де жауаптылық шаралары қолданылуы мүмкін. Нақты жауаптылық жасалған әрекеттің сипатына, қолданыстағы заңнамаға және істің мән-жайларына байланысты айқындалады.

Әдеп нормаларын сақтау арқылы біз өзара сенімді нығайтып, ұжымдық мәдениетті қалыптастырып, қоғамның дамуына үлес қоса аламыз. Әдептілік – адамның ішкі мәдениетінің көрінісі ғана емес, оның қоғам алдындағы жауапкершілігінің де белгісі.

А.АНДАКУЛОВА,
Орал қаласы №2 сотының бас маманы–сот отырысының хатшысы

КЕСЕЛ

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУ – АДАЛДЫҚ БАСТАУЫ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізетін, қоғамның құқықтық негіздерін әлсірететін және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне нұқсан келтіретін күрделі әлеуметтік құбылыс. Ол заңдылық пен әділеттілік қағидаттарының бұзылуына, қоғамдық ресурстардың тиімсіз пайдаланылуына, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің шектелуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кез келген құқықтық мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттің және қоғамның бірлескен күш-жігерін талап ететін ұзақ мерзімді үдеріс. Ол адамның құқықтық санасын жетілдіруден, азаматтардың заң талаптарын түсінуінен, мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз етуден, қоғамдық бақылауды дамытудан және күнделікті өмірде адалдық қағидаттарын ұстанудан басталады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық негіздері Конституцияда, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде бекітілген. Бұл құжаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын, алдын алу шараларын, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың міндеттерін айқындайды. Сонымен қатар еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты қоғамда адалдық пен парасаттылық құндылықтарын нығайтуға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда құқықтық сана мен құқықтық тәрбиенің орны ерекше. Құқықтық сана адамның заңды түсінуін, құқықтар мен міндеттер туралы білімін, заң талаптарына қатысты көзқарасын білдіреді. Құқықтық сана жеткілікті деңгейде қалыптаспаған жағдайда азамат заңсыз әрекеттердің салдарын дұрыс бағаламауы немесе сыбайлас жемқорлықты күнделікті өмірдің қалыпты құбылысы ретінде қабылдауы мүмкін. Сондықтан құқықтық білімді арттыру, заңнаманы түсіндіру және құқықтық сауаттылықты дамыту қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізін қалайды.

Құқықтық тәрбие адамның бойында заңға құрметпен қарау, әділеттілікті бағалау, өз құқықтарын қорғау және міндеттерін адал орындау қасиеттерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл тәрбие отбасынан басталып, білім беру ұйымдарында жалғасып, еңбек ұжымдары мен қоғамдық ортада нығая түседі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда білім беру жүйесінің маңызы айрықша. Білім беру ұйымдары жас ұрпаққа тек білім мен кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен бірге адамгершілік құндылықтарды, азаматтық жауапкершілікті және құқықтық мәдениетті де үйретуі қажет. Мектептер мен жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлықтың себептері, оның қоғамға тигізетін зияны, заңсыз әрекеттердің құқықтық салдары және адалдықтың маңызы туралы жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген өкілеттіктерді жеке пайда табу үшін емес, қоғамға қызмет ету мақсатында пайдалануы керек. Қызметтік жағдайын пайдаланып туыстарына, таныстарына немесе белгілі бір тұлғаларға заңсыз артықшылық беру, азаматтардың өтініштерін жеке мүддесіне қарай қарау, мемлекеттік ресурстарды мақсатсыз пайдалану және мүдделер қақтығысын жасыру мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттарына қайшы келеді.

Мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін басшылықтың жеке үлгісі де маңызды. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал, қойылатын талаптардың әділдігі және басшылықтың ашық әрекеті қызметкерлердің мінез-құлқына ықпал етеді. Егер басшы заң талаптарын өзі сақтап, шешімдерді объективті қабылдап, қарамағындағылардың пікірін құрметтесе, ұжымда адалдық пен жауапкершілік қағидаттары нығаяды.

Сот қызметкерлері мен судьялардың кәсіби қызметінде заңдылық пен әдеп қағидаттарын сақтау, қызметтік өкілеттіктерді жеке мүддеге пайдаланбау және процеске қатысушылардың барлығына тең қарау маңызды. Сот жүйесінде әрбір азаматтың құқықтары заңға сәйкес қорғалатынына сенімді болуы керек. Сотқа жүгінген адамның шешімнің әділ қабылданатынына, оның әлеуметтік жағдайына немесе жеке байланыстарына қарамастан заң алдында тең екеніне көз жеткізуі сот билігінің беделін арттырады.

Сот жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін құқықтық ақпараттың қолжетімділігі, сот қызметінің ашықтығы, азаматтардың өтініштерін қарау сапасы және қызметкерлердің әдептік жауапкершілігі жүйелі түрде жетілдірілуі тиіс. Сонымен қатар сот жүйесінің тәуелсіздігі мен жариялылығын қамтамасыз ету кезінде заңда көзделген шектеулер, сот процесіне қатысушылардың құқықтары және жеке деректерді қорғау талаптары сақталуы қажет.

Аружан ДИЯРОВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы–сот отырысының хатшысы

ҚЫЛМЫС

Ауыл тұрғындары үшін мал – күнкөрістің негізгі көзі, отбасының әл-ауқаты мен адал еңбегінің нәтижесі. Сондықтан мал ұрлығы тек мүліктік зиян келтіретін қылмыс қана емес, ауыл тұрғындарының тұрмысына, экономикалық жағдайына және қоғамдағы қауіпсіздік сезіміне нұқсан келтіретін өзекті мәселе.

ҚАРАУСЫЗ МАЛҒА ҰРЫ ӨШ



Қазақстанда мал ұрлығына қарсы күрес жүйелі түрде жүргізілуде. Ресми мәліметтерге сәйкес, 2026 жылдың басынан бері Абай облысында мал ұрлығына қатысы бар деген күдікпен 31 адам ұсталып, 8 қылмыстық топ анықталған. Сонымен қатар мал ұрлығын ашу көрсеткіші 56,4 пайыздан 70,8 пайызға дейін өскен. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмыстарды ашу бағытындағы жұмыстың маңызын көрсетеді.

Мал ұрлығы азаматтардың жеке меншігіне қол сұғумен қатар, ауыл шаруашылығына және ауыл тұрғындарының әл-ауқатына елеулі зиян келтіреді. Кейбір отбасылар үшін бірнеше малынан айырылудың өзі айтарлықтай материалдық қиындық туғызуы мүмкін.

ҚР Қылмыстық кодексінде мал ұрлығы үшін жауаптылық көзделген. Мал ұрлығымен күресу тек құқық қорғау органдарының жұмысына байланысты емес. Мал иелерінің жауапкершілігі, ауыл тұрғындарының қырағылығы және жергілікті органдармен өзара байланысы да маңызды рөл атқарады.

Мал иелері жануарларды қараусыз қалдырмауға, оларды уақытылы сәйкестендіруге және белгіленген талаптарды сақтауға тиіс. Күдікті жағдайлар байқалғанда немесе мал жоғалған жағдайда полицияға дереу хабарлау қылмыстың ізін суытпай ашуға көмектеседі.

Қоғамдық тәртіпті сақтау әр азаматтың жеке жауапкершілігінен басталады. Өзгенің меншігіне қол сұқпау, заң талаптарын орындау және құқық бұзушылықтарға бейжай қарамау – құқықтық мәдениеттің негізгі белгілері. Мал ұрлығының алдын алу арқылы ауыл тұрғындарының еңбегін қорғауға, олардың заңға деген сенімін нығайтуға және қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға болады. Заңға құрмет – адал еңбекке құрмет. Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіп – баршамызға ортақ міндет.

А.АКАЖАНОВА,
Жарма аудандық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ **ҚЫЛМЫСТЫҢ АШЫЛУЫН** ЖЕҢІЛДЕТТІ

Соңғы жылдары елімізде полиция қызметін цифрландыру және заманауи технологияларды енгізу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Мәселен, Жамбыл облысында қазір «Кілемді бейнебақылау», «Шағын қалалардың жедел басқару орталықтары», «Цифрлық полицей» жобалары жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, «Кілемді бейнебақылау» жобасы аясында бұл өңірде 91 214 бейнебақылау камерасы орнатылған. Оның ішінде 24488 камераға түсетін бейнелерді Жедел басқару орталығына және полиция бөлімдерінің кезекші бөлімдеріне шығару ұйымдастырылған. Бұл жалпы камералар санының 27 пайызын құрайды. Ғылыми-техникалық құралдарды, оның ішінде Жедел басқару орталығындағы бейнебақылау жүйелерін пайдалану арқылы 9 айда 297 қылмыс ашылды. Бұл жалпы тіркелген қылмыстардың 58,2 пайызын құрайды.

«Қала аумағында қоғамдық қауіпсіздікті талдау функциялары бар 400 «Pelco VideoXpert» бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Аталған камералар іздестірілетін және есепке алынатын тұлғалардың дерекқорымен интеграцияланған. Жүйенің көмегімен 1991 тұлға танылды, оның ішінде 173 тұлға қатесіз сәйкестендірілді. Анықталған тұлғалар туралы ақпарат тиісті сұрау салулардың бастамашыларына жолданды. KPI нысаналы көрсеткіштеріне сәйкес, қазіргі уақытта түрлі бейнеаналитика функциялары бар 2 657 бейнебақылау камерасы орнатылған. Олардың қатарында бет-әлпетті және көлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлерін тану, азаматтардың жаппай жиналуын, түтінді және қараусыз қалдырылған заттарды анықтау функциялары бар», – дейді Жамбыл облыстық полиция департаментінің Цифрландыру және жасанды интеллект басқармасы бастығының орынбасары Арман Турдалиев.

А. Асылханұлының айтуынша, жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын тіркеудің мобильді кешендері де өз тиімділігін көрсетуде. Облыс аумағында 64 аппараттық-бағдарламалық кешен жұмыс істейді. 2026 жылдың 9 айында автоматтандырылған аппараттық-бағдарламалық кешендер арқылы мынадай нәтижелерге қол жеткізілді: «Автосканнар» АБК-нің 37 кешені арқылы 61 299 нұсқама тіркеліп, оның 55 677-сі бойынша айыппұл өндірілді; «ЕКИН ПАТРОЛ» АБК-нің 8 кешені арқылы 323 нұсқама тіркеліп, оның 303-і бойынша айыппұл өндірілді; «ПаркРайт» мобильді аппараттық-бағдарламалық кешенінің 9 бірлігі арқылы 101 209 нұсқама тіркеліп, оның 97 906-сы бойынша айыппұл өндірілді. Құқық бұзушылықтардың көп тіркелуіне байланысты биыл қосымша 5 «ПаркРайт» мобильді кешені сатып алынып, пайдалануға берілді.

«Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі»

2025 жылы қоғамдық және жол қауіпсіздігінің зияткерлік жүйесін дамыту аясында 6 «Ақылды жаяу жүргіншілер өткелі» кешені орнатылды. 2026 жылдың қыркүйегінен бастап қосымша 18 кешен іске қосылды. Осылайша, қазіргі уақытта жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыруға және жүргізушілердің жаяу жүргіншілерге жол бермеу фактілерін тіркеуге арналған 24 кешен жұмыс істейді. Бұдан бөлек, 2026 жылы «Argus – Жаяу жүргіншілер өткелі» аппараттық-бағдарламалық кешендерінің 2 данасын жалға алу туралы шарт жасалды. Оларды Әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірыңғай тізіліміне интеграциялау осы айға жоспарланған. Сонымен қатар, жылдамдық режимін бұзуды, жаяу жүргіншілерге жол бермеуді, қауіпсіздік белдігін тақпау және көлік жүргізу кезінде ұялы телефон пайдалану фактілерін тіркейтін қосымша 10 «Сұңқар» аппараттық-бағдарламалық кешенін сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу жоспарланған.

«E-AYGAQ ZAT» жүйесі

Полиция департаментінде сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімімен және «Е-Төрелік» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған 3 «E-AYGAQ ZAT» жүйесі енгізілді. Аталған жүйелер Тараз қалалық полиция басқармасында, Жамбыл және Меркі аудандық полиция бөлімдерінде жұмыс істейді.

Полиция қызметінде электрондық бақылау құралдарын сервистік модель бойынша пайдалану мақсатында 2025–2027 жылдарға арналған үш жылдық мерзімге 63 электрондық білезік жинтығын жалға алу туралы шарт жасалды. Шарттың жалпы құны – 72 млн теңге. Электрондық бақылау құралдарының жүйесі Жедел басқару орталығына интеграцияланған, бұл жедел мониторинг жүргізуге және уақытылы ден қоюға мүмкіндік береді. Электрондық құралдардың пайдаланылуын бақылау және мониторинг жүргізу Полиция департаментінің Қоғамдық қауіпсіздік басқармасына бекітілген.

Қазіргі уақытта «GoldWest KZ» ЖШС электрондық мониторинг жүйесінің серверлік инфрақұрылымын мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосу жұмыстарын жүргізуде. Жұмыстарды аяқтаудың болжамды мерзімі – 2026 жылғы 10 қазан. Электрондық бақылау құралдарынан деректерді беру мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасына қосылған қорғалған IP VPN желісі арқылы Beeline ұялы байланыс операторының көмегімен жүзеге асырылуы жоспарланған.

Ситуациялық-талдау орталығы

Қылмыстар, әкімшілік құқық-бұзушылықтар, жол-көлік оқиғалары, жол қозғалысы ережелерін бұзушылар санаттары, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық, кибер және есірткі қылмыстары бойынша деректерді талдауға арналған «Ситуациялық-талдауорталығы» платформасын дамыту аясында Ішкі істер министрлігінің Арнайы және жұмылдыру дайындығы департаменті смарт-жетондар мониторингінің дашбордын әзірлеуде. Аталған дашбордты енгізу смарт-жетондардың белсендіру мәртебесін, оларды қосу және өшіру уақытын, сондай-ақ қызмет атқару барысында пайдалану ұзақтығын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл сыртқы қызметтер жұмысының тиімділігін мониторингтеуге жағдай жасайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «ЦЕЗАРЬ1» ЖШС (БСН 150640009718) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Айтеке би көшесі, 3 үй, тел. + 7 775 221 11 13.

3. «BOGDA» ЖШС (БСН 230740031874) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Енбекшіқазақ ауданы, Байдібек ауылы, Байболов көшесі, 296-үй.

5. «ЕМХАНА ТҮЙМЕБЕК-ОЙЫК» ЖШС (БСН 220740041929), (080800, Жамбыл обл., Талас ауд., Қаратау қ., Бауыржан Момышұлы көш., 19Б құрылыс), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қ., Қосы батыр көш., 5-үй. Тел. + 8 707 288 21 95, + 8 778 221 75 46.

6. «Алихан-008» ЖШС (БСН 210540023218), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы обл., Балқаш ауд., Бірлік а.о., Бірлік ауылы, Ш.Уәлиханов көш., 68 құрылыс. Тел. + 8 707 157 17 87.

7. «Climavent» ЖШС (БСН 081040002706) (Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 247-үй, 1-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Хусаинов көшесі, 281. Тел.: +7 778 106 22 00.

8. «Dalam App» ЖШС (БСН 260740041351) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран көшесі, 18/1-үй, 40-пәтер. Тел. +7 775 370 77 90.

9. «Ипек Кагыт Казахстан» ЖШС (БСН 060140000688) (Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Жібек жолы даңғылы, 115/46-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Талғар ауданы, Қойкелді батыр көшесі, 25-үй (Alatau Village коттедж қалашығы, 225-үй). Тел.: +7 701 765 23 42.

12. «UNITY STORY GROUP» ЖШС (БСН 180640021653) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Акжайық ауданы, Чапаев кенті, Махамбет көш., 1-үй, 2-пәтер. Тел.: + 8 705 811 81 35.

13. «КЭМОНТ» АҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі (БСН 250140012502) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Самар Шоссесы, 7-үй.

14. «Кума» ЖШС (БСН 240940023525) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Актау қ., 17 ықшам ауданы, 103-үй, 12-пәтер. Тел. +7 702 572 03 62.

15. «Қоғамдық қор – Қазақ елінің «Алдаспан» батырлар қоры» ҚҚ (БСН 961240008925) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы обл, Қарасай ауданы, Жандосов ауылы, Балдырған көшесі, 35/2. Тел. +7 776 069-58-48.

16. «МАҚЖАН-777» ЖШС (БСН 190540003445) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Сарапхана ауылдық округі, Сарапхана ауылы, Ж.Әкішұлы көшесі, 45-үй, 160300.

ӘРТҮРЛІ

10. Астана қаласы, А.Кравцов көш., 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі–жұма) сағат 10.00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды.

Анықтамалар үшін телефоны: +7 702 321 86 86.

11. Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 21.10.2026 жылғы ұйғарымымен Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әулиеата ауданы, Қазыбек би көшесі, 115-үй, 6А кеңсе мекенжайында орналасқан «Умарова Г. А.» жеке кәсіпкерге, ЖСН 830925400761, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК

4. 2025 жылы 15 желтоқсанда қайтыс болған Курманходжаев Муратбек Кенжегажиевичтің артынан мүлкіне мұрагерлік іс ашылуына байланысты барлық мұрагерлер нотариус Ибраева Баян Галиевнаға хабарласуларын сұраймыз. Мекенжайы: Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Аль-Фараби көш., 7А ғим.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070

№ 82 (3909)
3 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

АЛДАНҒАН АРМАН



(Соңы. Басы өткен № 80 санда)

– Абылай Әзімханұлы, сіз айтқандай бұларды жүргізуші камерадан сырт жерде күтіп тұрған. Сыбайластары жүгіріп сыртқа шыққанда бірден дүкенге жақындап, үшеуі міне салысымен қуыс көшеге кіріп кеткен. Қарсы беттегі камераға төртеуінің де сұлбасы түскенімен, одан пайда жоқ. Бәрі маскамен отыр. Тіпті жүргізушінің өзі қара кепканы басып киіп, бүкіл бетті жабардай көзілдірік тағып алыпты. Маскировка деген керемет енді.

– Солай де... Бек, күзетшінің мектепке барғаны расталды ма?

– Иә, директор да, сынып жетекшісі мен ювеналдық полиция қызметкері де растады. Күзетшінің баласын қайтсек те мектептен шығарамыз деп құлшынып отыр бәрі.

– Соншама не істеп қойыпты?

– Біресе қатарластарын ұрған, біресе қыздардың орындығына сағыз жапсырып киімдерін бүлдірген, сабақта да байыз тауып бір орында отырмайды екен, қысқасы мұғалімдерді де, балаларды да әбден мезі еткен ғой.

– Ее, түсінікті. Бірақ, әлемді үндеместер емес, осындай мазасыздар өзгертетінін мұғалімдер білмей ме екен, – деп жылы жымиғанымен Абылайдың ойы мүлде басқа жақта.

– Жігіттер, сендер келем дегенше біраз деректерді шолып шықтым. «Ювелирді» тонағандардың төртеу болғаны белгілі. Бұл олардың бірінші қылмысы емес. Кешелі бері ұқсас істерді сараптап, дәл осы банданың Қаскелеңдегі ломбард пен Талғардағы зергерлік бұйымдар дүкенін тонағаны анықталды. «Почерк» бір. Жоспар ұқсас. Тек алдыңғы екеуінде бағалы бұйымдарды алып кетумен шектелсе, бұл жолы күзетшіні жаралап, өрімдей жас қызды атып кетіп отыр. Алматыдағы қылмыста күдікке ілінген сатушының да, екі күзетші мен дүкен иесінің де іске қатысы жоқтығына көзіміз жетті. Бүгін Сырлан мен Қайрат Қаскелең мен Талғарға барып, ондағы тергеу амалдарымен танысып, куәгерлерді тағы бір мәрте сөйлетіп көрсін. Ал Бек екеумізге ақпарат бөлімінің мәліметтерін жақсылап тексеріп шығуға тура келеді. Міне, соңғы бес айда Алматыға жақын түзеу мекемелерінен 38 сотталушы босап шыққан. Қазір бұлардың қай баппен отырғанын тексеріп, ұрлық, тонау бойынша істі болғандардың тіркелген жерлеріне сұрау жіберуге тура келеді. Сырлан, Қайрат, мүлде елеусіз көрінетін детальдарға да мән беріңдер! Қарақшылар киген аяз атаның маскасын суретке түсіріп, қай жерлерде сатылғанын анықтай алсақ, тіпті жақсы!

– Оған көп уақыт жоғалтып аламыз-ау, Абылай аға, – деді Сырлан имене, – қаладағы гипермаркеттердің барлығында осы маска сатылып жатыр.

– Оның да рас. Дегенмен, ешкім масканы көп етіп сатып ала қоймайтын шығар. Біреу-міреу айтып жатса, мән бермей жүрмеңдер!

– Құп болады! – деген қос жедел уәкіл Алматының екі шетіндегі Қаскелең мен Талғарға жолға шықты да, Бекті жанына отырғызған Абылай тізімдегі сотталушылар тарихын бөліп алып зерделеуге кірісті.

* * *

– Абылай Әзімханұлы, Сырлан мен Қайрат хабарласты. Ілік болар ештеңе таппапты. Талғардың да, Қарасайдың да тергеушілері шарасыз қол жайып отырған көрінеді.

– Бек, осы біз бұрыс жолда жүрген жоқпыз ба? Біреу емес, екеу емес, үш қылмыста қылмыскерлердің із тастамауы мүмкін емес қой. Неден жаңылдық?

– Соған мен де таңданып тұрмын. Ең болмаса, түн ішінде, не шет жақта жасалған қылмыс емес. Ешкімнің көрмегені, ештеңе табылмауы мүмкін емес сияқты. Дәу де болса, біз бірдеңеден шатастық.

– Алдымен ұрлық, тонау бойынша жазасын өтеген 8 сотталушының суретін бөлек алып қойшы. Пробация қызметкерлеріне хабарласып, осы сегіз сотталушының қайда, немен айналысып жүргенін анықтап айт дегенің жөн. Бүгіннен кешіктірмесін! Сосын уақыт оздырмай барлық учаскелік инспекторларға ломбардтар мен алтын сатып алушыларға барып, ұрланған заттардың бар-жоғын тексеруді тапсыр. Бәріне үш нысаннан жоғалған заттардың тізбесін жібер! Мүмкін сол жақтан қылмыстың ұшы шығып қалар. Қанша айтқанмен, кассадағы ақша төрт адамға аздық етеді. Зергерлік заттарға қызыққанына қарағанда бұлардың алтын, күмісті өткізетін нүктелері болуы керек!

– Иә, иә. Қазір барлық әріптестерге хабар берейін, – деген Бек асығыс кабинеттен шықты.

Соңғы қылмыстың орын алғанына тура бір тәулік өтті. Бірақ жұмыс нәтижесіз. Бұл қалай болғаны?

* * *

Терезе алдында ой үстінде тұрған Абылай кезекшінің есікті тықылдатқанын да елемеген екен.

– Жолдас полковник, рұқсат па? – деп кезекші ішке кіргенде барып «рұқсат, рұқсат» деп басын шұлғи берді.

– Жолдашбек Мырзаев деген азамат «Ювелир» ісі бойынша айтарым бар еді» деп хабарласып жатыр. Кеше сіздің телефоныңызды дұрыс жазып алмаған екен, ауруханаға келе ала ма дейді.

– Жолдашбек дейсің бе? Онда бірдеңе есіне түскен ғой. Жақсы, барып қайтайын, – деген Абылай жылдам басып ауруханаға бет түзеді.

Балдаққа сүйенген Жолдашбек мұны аурухананың алдынан күтіп алды. Аман-саулық сұрасқан соң:

– Әбеке, мен кешелі бері қылмыскерлердің Мақпалды не себепті атқанын түсіне алмадым. Бәріміз айтқандарын бұлжытпай орындаған секілдіміз. Бейкүнә қызды не үшін атуы мүмкін? Әрі ойландым, бері ойландым. Сосын Мақпал қылмыскерлердің бірінің дауысын танып қалды ма деген ойға тоқтадым. Неге дейсіз ғой? Мен кіре берісте, Мақпал сөрелердің қасында тұрғанымен, қыз алғашқы бұйрықтан кейін артына жалт етіп бұрылды. Сосын әшекейлерді асығыс дорбаға салып жатқан біреуіне тесіле қараумен болды. Тіпті «жатыңдар» деген команданы басында елең қылмай, айғайлап қайталағанда ғана еденге отыра кетті.

– Қызды атқан да сол жігіт пе?

– Иә, дүкеннен шығып бара жатқанда оларға кедергі жасаған ешкім болған жоқ. Ал жаңағы жігіт уақыт үнемдеп ізін жасырудың орнына кідіріп барып Мақпалды атты да, жанындағылардың айқайлағанына қарамай мені де жаралап ең соңынан есікке беттеді.

– Анық солай болды ма? Қателесіп тұрған жоқсыз ба?

– Әбеке, мына Мақпал менің тұңғыш қызыммен түйдей құрдас. Махаббатқа шомылып өскен менің қызымның еркелігі әлі басылмаған. Ал мына қыздың мейірімге шөлдеп жүргенін үнемі байқайтынмын. Соны көріп өз ауысымымда Мақпалға деп бірдеңе ала келуге тырысатынмын. Оны әйелім де білетін. Ол да бірнеше рет көрген соң, қызына бірдеңе алса, Мақпалға деп тағы біреуін ала салатын боп жүрген. Мына қаза жаныма қатты батты, Әбеке!

– Сол ішкі эмоцияның жетегімен қателесіп жатыр ма деп сұрап тұрғаным ғой.

– Жоқ. Бұдан бөлек Мақпалдың өткенде «тұрмысқа шықсам, құдаларға сізді әкем деп таныстырамын» дегені есіме түсті. Ол кезде аса мән бермеппін. Мұндай сөзді айтқанына қарағанда бір адам кездескен боп тұр ғой.

– Мүмкін, мүмкін... Енді мынауыңыз қисынға келеді екен. Ал Мақпал кіммен тұратын еді? Мекенжайын білесіз бе?

– Әрине! Мақпал балалар үйінде бірге өскен бір қызбен пәтер жалдап тұрады. Әйелім тосап, салаттар жасағанда үйіне апарып бергенбіз. Одан көрпе-жастығының жұқа екенін байқап, үйдегі жүн көрпелерді жеткізгенбіз. Міне, сіз сұрайды ғой деп адресті жазып қойдым. Байзақов көшесінде бірнеше студенттер жатақханасы бар. Екі қыз соның үшінші қабатындағы 306-бөлмеде тұрды.

Бұл ізденістен бірдеңе шығатынына сенбесе де, Абылай жатақханаға барып Мақпалдың құрбысымен тілдесіп көруді жөн санады.

* * *

Бота да Мақпал сияқты талдырмаш келген нәп-нәзік бойжеткен екен. Көзі ісіп кеткен. Абылай бөлменің ішін көзімен шолып өтті. Кіп-кішкентай бөлмеде екі төсек, бір шкаф, бір үстел мен екі орындықтан басқа артық зат жоқ. Барлық студенттің «байлығы» осы ғой.

Ботаны сабырға шақырған Абылай:

– Мақпалдың сөйлесіп жүрген жігіті бар ма еді? – деп төтесінен сұрақ қойды.

– Соңғы бір айда бір жігіт келіп жүрді. Жұмыстан кеш шыққанда жатақханаға дейін көлігімен жеткізіп жүрді. Мақпалға түрлі сыйлықтар әперді, киноға шақырды.

– Сенімен таныстырды ма?

– Жатақхана ішіне кірген емес. Тек бір жолы киноға шығып бара жатып Мақпал: «Бота, жігітімді көргің келе ме? Мирастың өзіне таныстырайын десем ұялып жүр. Сен соңымнан бар да байқатпай қарашы. Қанша дегенмен үш жас үлкенсің ғой. Дұрыс жігіт пе білетін шығарсың» деді күліп. Өзім де көргім кеп жүр еді, Мақпалдың соңынан ілесіп бардым да дүкенге кіргенсіп Мирастың жанынан жақын өттім. Бізден оншақты жас үлкен көрінді. Әрі көзі де бір орында тұрмайды екен. Кішкене іш жиып қалдым. Бірақ, Мақпал жақсы көріп тұрған соң, артық ештеңе айтпадым. Оның үстіне, бөлмеге үйіп-төгіп азық-түлігімізді әкеп, Мақпалға түрлі сыйлықтар беріп жүрген соң қызғанғандай болмайын дегем...

– Бота, сен ол жігітті көрсең танып ма едің?

– Иә, танимын.

– Онда қазір бөлімнен бірнеше күдіктінің суретін алдырайын. Ішінде Мирасқа ұқсайтыны бар ма, қарап көрші, – деген Абылай Бекке хабарласып, пробация қызметкерлеріне жолдаған 8 сотталушының суретін бұған да жіберуді сұрады.

Екеуі көп күткен жоқ. Абылайдың телефонына тық-тық етіп бірнеше хабарламаның келгені білінді. 8 сурет толық ашылып болғанда телефон экранын жақындатқан Абылай Ботаның:

– Аға, міне мына екінші тұрған Мирас қой, – дегенде барып қылмыстың ұштығы қолға ілінді-ау әйтеуір деп ойлап үлгерді. Ал экранның ар жағында Мұрат Әлқожаев деген жасы отызға енді толса да екі рет сотты болып үлгерген қылмыскер тұр еді...

Содан кейін Сырлан мен Қайрат алдыңғы екі қылмыста куәгер ретінде сұралған сатушы қыздарға Әлқожаевтың суретін көрсеткен. Сәттілік деген осы! Екі қыздың бірі – мынау Жеңіс қой десе, бірі Сұлтан ғой деп таныс жанның суретін бас салды.

* * *

– Ал, жігіттер әупірімдеп алға жылжығандай болдық. Басты күдікті белгілі. Бірақ оны ұстасақ, қалғандарын үркітіп алуымыз мүмкін. Оның үстіне, олардың ұрланған заттарды үйде ұстауы да күмәнді. Сондықтан Әлқожаевты сырттай аңдып, келесі ұрлық үстінде қолға түсіруге тырысуымыз керек, – деген полковник жедел топтағыларға сынай қарады. Сол күні олар прокуратурадан күдіктінің үйі мен көлігіне тыңдағыш құрылғылар орнатуға рұқсат алып, Әлқожаевты аңдуға көшті. Ал жалғыз тұратын күдіктінің үйі мен көлігіне тыңдағыш құралды орнату мамандарға көп қиындық тудырмады.

Алғашқы жоспарлары сәтті шыққан банданың бос отыратын ойы да жоқ еді. Бұл Әбдіқожаевтың көлігіне жиналған төртеудің кезекті істі пысықтап жатқанынан байқалды. «Орлик», «Желаяқ», «Боксер» деп бір-бірімен бір сағат шамасында ақылдасқан төрттіктің бүркеншік аттары белгілі. Тек дәл қай жердегі дүкенді тонайтындарын анықтау мүмкін болмады. Қылмысты дәлелдеуге бұл жазба да аздық етеді. Егер алғашқы сценарий бойынша жүрсе, Әлқожаев кезекті сатушыны қақпанына түсіруге әрекет жасауы керек. Расында, банданың өзге мүшелері атағандай «Сылқым» көп күттірмеді. Оның әдемі гүл шоғын сатып алып, асығыс көлікке отырғанынан-ақ сақшылар кезекті «операцияның» басталып кеткенін болжады. Әлқожаевтың бұл жолғы көздегені де жап-жас қыз екен. Сұрастыра келгенде оның Алматыдағы ломбардтардың бірінде жұмыс істейтінін білді. Яғни, қарақшылардың діттеп отырған жері анық. Бірақ, мына қызға қауіп төнбейтіндей әрекет ету керек-ақ. Осы кезде Абылайдың есіне Бота оралды. Пысық қыз. Өмір көрген. Мына сатушы қыздың орнына Ботаны алмастырсақ қалай болар екен?

Бұл сауалды ортаға тастағанда жігіттердің пікірі екіге бөлінді. Сырлан мен Қайрат тәуекел етіп көрелік десе, Бек оперативті іс-қимылдан хабары жоқ бір қызды екіншісімен алмастырғанда не ұтамыз деп қарсы шықты.

Ақыры ақылдаса келе Абылай Ботаға өтінішті айтып көруге бекінді. «Тындырымды, өмірдің ыстық-суығына әбден ысылған қыз» деген полковник сатушы қыздың орнын алмастыратын Ботаны да Әлқожаев бірден баурап алуға тырысады деп болжаған. Себебі уақыт аз, әрі алғашқы істерде жолы болған қылмыскердің ұсақ-түйекті тексеруге мән бермеуі де мүмкін.

Тәжірибелі полковниктің айтқаны келді.

Алдымен сатушы қыздың телефонын қолына алған Бек: «Мені жұмыстан шығарып жіберді. Бір аптадай Ақтаудағы ағамның үйіне барып демалып келемін» деген хабарламаны Әлқожаевқа жіберді. «Қалай? Неге?» деді жігіт бірден. «Білмеймін басшыға неге жақпай қалғанымды. Жұмыс табылар. Шаршадым» дегенді қосып қойды қуланған тергеуші. Әбдіқожаев біраз үнсіз қалды. «Айтпақшы менің орнымда қалған Бота деген қыздан студенттік билетімді ала саласың ба?» деген өтініштің айтылуы сол екен «Әрине» деген жауап лып етіп жетті.

Енді не болмақ? Әбдіқожаев бұлар құрған қармақты қабар ма екен? Қапты, тіпті бұлар ойлағаннан да тез қапты. Ботаның телефонын ала салысымен хабарласқан ол қыздың барлық диалогты жазып отырғанын білген жоқ. Оған ең бастысы, ломбард ішінің қалай орналасқанын, қанша адамның жұмыс істейтінін, қай кезде көбірек ақша түсетінін білу маңызды еді. Ботаны кешкі ас ішуге шақырған кезде де «Ломбард ашсам деген ойым бар, бұл жердің қауіпсіздігі қалай екен? Камералардың орналасу схемасын жетік меңгерген дұрыс. Алтын мен ақша жүрген жерде сақтық шараларын ескермесе болмайды» дегенді сипақтатып сұраумен болды. Бота да ештеңе байқамағандай Абылай үйреткен жауаптарды қайталаумен отыр. Астан шыққаннан кейін жедел топқа оперативті шаралар үшін берілген пәтерге келген Бота үйде ата-анасының күтіп отырғанын айтып, жылы қоштасып «Сылқымның» көлігінен түсіп қалды.

Қызды шығарып салғаннан кейін ұяластарымен жоспарды пісірген Әлқожаев тағы бір ескі аудиді айдап келіп, ломбард маңына ыңғайлап қоюды «Желаяққа» тапсырды. «Аула-ауланың ішімен, камераға түспей жүруге тырыс. Басыңдағы кепканы тастама, камераларда басыңды жоғары көтеруші болма» дегенді банда басшысы қадап айтты.

* * *

– Ал, жігіттер, ертең шешуші күн! Мыналар жұмыс уақыты аяқталар кезде іске кіріспек. Біз де барлық қадамдарымызды пісіріп алайық! Үшеуінің де қолында қару бар! Ол бейбіт халық үшін үлкен қауіп. Осы жағын есімізден шығармайық! – деген Абылай арнайы жасақ басшысымен ломбард орналасқан ғимаратқа жасырын кіріп, қарақшыларды қолға түсірудің бірнеше жолын талқылауға кірісіп кетті.

– Жарайды, күзетшінің орнын бір сарбазбен алмастырармыз. Ал олар – үшеу. Әттең, қаруларын қайда сақтайтынын білгенде оғын алмастыру айтарлықтай жұмысты жеңілдетер еді. Амал нешік? – деген Абылай арнайы жасақ басшысының ұсынысымен ломбард маңында тұрған аудидің қозғалтқышын істен шығарып қоюды жөн деп шешті. Сонымен бірге, ломбардтың тура кіре берісіне сарбаздарды орналастыру дұрыс деп ұйғарылды.

...Ертеңгі операцияны уайымдаған Абылай қызы Еркеназдың туған күнін ұмытып кеткенін үйдегі көп шараларды көргенде ғана түсінген. Бірақ сыртқа шығып сыйлық іздеуге тым кеш еді...

* * *

Жедел топ кешкі алты болғанша тықыршумен күнді өткізді. Қауіпсіздікті ойлаған бұлар ақыры Бота мен екінші сатушының үстіне қауіпсіздік күртешесін кигізуді жөн санаған. Қыстың күні қалың киім киген сатушыларға ешкім күдіктене қоймас.

Күткенде уақыт өте қоя ма? Міне, бес болды, бестен 10, 20, 30 минут өтті. Ғимарат төбесінен аңдып тұрған мерген кепка киген жігіттің аудиге келіп отырғанын жеткізді.

...Басталды! Иә, Аллам жар бола гөр! Басын қатерге тіккен азаматтарға абырой, амандық бер, Жаратқан!

Іштей тілеу тілеген Абылай рациядан аяз ата маскасын киген үшеудің бүлкектей басып ломбард ішіне беттегенін естіді. 10 секунд та өткен жоқ, арнайы жасақтың «бірінші ұсталды, екінші ұсталды, үшіншінің қолына кісен салынды» деп есеп беріп жатқанын құлағы шалды. Артынша көлікте отырған жігітті де есін жиғызбай қолға түсірді.

Міне, сөйтіп бағалы тас пен ақшаға қызыққан топ айналдырған бір аптаның ішінде қолға түсіп, лайықты жазасын алған еді. Осы операцияны сәтті орындағаны үшін департамент басшысы да, арнайы жасақ та, Абылай Қайсеновтің жұмыс тобы да елеусіз қалған жоқ. Алды орден, медаль алса, кейінгілері шенін өсіріп, ақшалай сыйақыға ие болды.

Тек Мақпал оралмады. Нәзік Мақпал, аңғал Мақпал, сұлу Мақпал қорқаулардың кесірінен ерте үзілді...

...Баласы қолынан тартқылаған Бота көзінен тарам-тарам жас ағып, Абылайға Мақпалдың тасын тұрғызғанын, үнемі бейіт жанындағы гүлдерді күтіп, айналасын таза ұстайтынын айтып жатыр.

– Білесіз бе, Мақпал бақытты болатынына қатты сенетін еді ғой. Көп балалы болуды, өз ошағын түтетуді армандайтын. Бір жолы тіпті той көйлектерін сататын дүкенге кіріп, қалыңдықтың аппақ көйлегін киіп көрді. Фатасын іліп, билегенде айналада тұрғандардың бәрі қызығып қарап еді. «Мен осы көйлекті міндетті түрде аламын» деп еді Мақпал күлімдеп. Сол дүкен әлі тұр. Әйнектің ар жағындағы той көйлектері үнемі ауысып, жаңарып тұрады. Бірақ, оны киіп көретін Мақпал енді жоқ, – деді Бота жылы қоштасып жатып.

Иә, аппақ арманына жете алмаған жалғыз Мақпал емес қой. Қорқаулар арманға қарамайды, – деді Абылай алыстап бара жатқан Ботамен бірге егіліп.

Аружан МҰСАТАЕВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6218 дана
Апталық таралым 12436 дана

Тапсырыс № 162 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31